




Самрат ҚҰСКЕНОВ



ЖАЛА МЕН
ЖАЗА

Самрат ҚҰСКЕНОВ

ЖАЛА МЕН ЖАЗА



**Нұр-Сұлтан-2020
Qalamger.kz баспасы**

**ӘОЖ 78
КБЖ 85.31
С 14**

**Самрат ҚҰСКЕНОВ
С 14 ЖАЛА МЕН ЖАЗА. Өлеңдер мен поэмалар/
-Нұр-Сұлтан: Qalamger.kz баспасы, 2020. -132
бет.**

ISBN 978-601-7962-77-1 563776

Самрат Құсқенов қазіргі қазақ поэзиясының да-
мұына өз үлесін қосып жүрген ақындардың бірі.
Ақын тек лирикамен шектеліп қалмай, азаматтық
поэзияға да бет бүрганын осы «Жала мен жаза»
кітабын оқи отырып көз жеткізесіз.
Әр өлеңін жүрекпен жазатын жігіттің өлеңдерінде
тазалық бар. Алғаш шыққан «Іңкәр жүрек» өлең-
дер жинағы оқырмандар қауымына жол тартып,
қолында бір де бір кітап қалмады.
Кітап барша оқырмандарға арналған.

**ӘОЖ 78
КБЖ 85.31**

**ISBN 978-601-7962-77-1 © Құсқенов С., 2020.
Сервер Ақадемиясы © Qalamger.kz баспасы, 2020.
Сделано в Казахстане
автор: С. А. ҚУСКЕНОВА**

АВТОР ТУРАЛЫ ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР



* * *

Самрат бауырым қалыптастып келе жатқан тамаша ақын жігіт. Ақын деген өзі аңғал, саңғал. Кешегі Мағжан айтқандай «Ақын да бір бала ғой айға үмтүлған, Еркімен өзі-ақ отқа барады да» дейтін дүниеде мына өмірден, қалыпты жағдайдан бөлектеу, қалықтап жүретін. Мен осы Самрат бауырымнан көремін сол дүниені. Ақын деген халыққа сыймағандықтан, бір Құдайдың еркін ойлауға жаратқан дүниесі ғой.

Дәuletкереi Қәпұлы,
Ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қай-
раткери.

КОЛТАҢБА

Бауырым, айналайын Самратым,
Өлеңді қаламынан ағылатын.
Қазақтың мақтан тұтар ақыны бол,
Сөзінен қасиеті танылатын.

Жігіт бол әрқашанда сүйікті елге,
Үлт үшін намыс керек мықты ерге.
Өте бер, өткелдерден еш сүрінбей,
Жете бер, биқтерден биқтерге.

Ринат Зайытов,
Айтыскер ақын

ЖАЛА МЕН ЖАЗА
САМРАТ ІНІМ

Қара өлеңге құрбан қып қара түнін,
Әдемілік іздейді әр ақының.
Көргенін қаламына сырғып айтқан,
Кітабың құтты болсын, Самрат інім!

Өлеңге тікпес сендей басын әркім,
Інісің, ізін басқан асылдардың.
Жырың боп кітаптағы қалған сөздер,
Үні боп қалсын ертең ғасырлардың.

Мұнына поэзияның малшынғасын,
Жапырақ бет жүрекке жан сырласың.
Мұрасы Құскеновтың мәңгі жасап,
Сиясы қаламыңның таусылмасын.

Әлібек Серғалиев,
Айтыскер ақын, асаба

* * *

Жас ақын, жалынды ақын Самрат Құскенов алаштың азamatы болып биіктеп келеді. Олай дейтінім жүректен шыққан жырылары ел мен жер, тектілік пен намыс туралы. «Ата салтынан ақшасын биік қойған заман» деп қазақ ұлтының қасиетін жоқтап келеді.

Көз алдымызда болып жатқан көніл кемітер оқигаларға өз азаматтық пікірін білдіріп, елді үйістыруға үлес қосуда. Жас ақын бауырыма шығармашылық шабыт, үлкен жүрек тілеймін!

Саягұл Бірлесбек,
Ақын

ТАРИХИ ПОЭМА



Самрат Күсекенов

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

(тарихи поэма)

Саяси құғын-сүргіннің құрбаны

Әби Есекиннің аруағына

Кіріспе

Американдық, француздың таныссың ба?!

Шет тілінде тілдесіп, қауыштың ба?!

Онда, тыңшы болғаның елін сатқан,

Қадіріне жетпеген бақыттың да.

Заман солай! Қай жаққа сабыласың?!

Құтыңдан да ойланбай қағыласың.

Болыс болып, біреуге жақпай қалсаң,

«Халық жауы» аталып, атыласың.

Өз бетіңмен тіршілік етесің бе?!

Қыста бидай дақылын тересің бе?!

Ашаршылық кезеңнен сақтандың ба?!

Сатқынсың деп құғынга кетесің де.

Қажет емес иттерге білімің де,

Кімге керек жинаған ілімің де.

Жазықтысың елінді сүйген үшін,

Атың тұрса, тұтқындар тізімінде.

Концлагерьге кетесің ойланbastan,

Жиырма бес жыл жаладан қорғанbastan.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Тоталитарлық жүйенің логикасы,
Жүзеге асып келді қорланбастан.

Бұл аз болса, өлімің жаза берер,
Қандай азап жаныңа маза берер?!
Дарға асар немесе ата салар,
Құдай да жоқ бұларға сана берер.

Жанаспай ма, шындыққа жанаса ма?..
Елмен керең Үкімет санаса ма?..
Ойға келген жазасын қолданады,
Амандығын ойлаған жақ аша ма?..

Тұсау болған халықтың тұлпарына,
Таба қылып досына, дүшпанына.
Психикаң да бұзылып, айналасың,
Азапталған репрессия құрбанына.

Қаһарланған саясат осы болды,
Пәле, жала биліктің қолы болды.
Шарықтаған сол Қеңес Үкіметі,
Қарапайым халықтың соры болды.

Сауаттыны сауатсыз қылған заман,
Зияндыны зиялды қылған заман.
Елдің қамын жасаған ерлерінді,
Жазықсыздан жазықсыз қырган заман.

Самрат Құсекенов

Кону үшін шындықтың тұғырына,
Көз жүгіртем Әбидің ғұмырына.
Дәлелі жоқ негіzsіз айып тағып,
Тсңеп кеттің өмірдің тобырына.

Әділдіктің жоғалуы

1941! Қаралы жыл!
Әрбір үйге жеткен бұл қазалы жыл.
Опасыздық жасаған Германияның
Иттілігі өшпенен жазады жыр.

Кетті бүкіл ауылдың азаматы,
Останына тиетін шарапаты.
Амандығын Алладан сұрап қалды,
Тілектес боп соңында жамағаты.

Айналған жоқ Орталық ауылын да,
Қан жылатып зиялды қауымын да.
Ала берді дені сау болса, болды,
Әр адамның ағасын, бауырын да.

Қарттары да қарт болып ойламады,
Балалар да бала боп ойнамады.
Әйелдер де ұмытып нәзіктікті,
Майдандагы ерлерін ойға алады.

Жету үшін жеңістің тұғырына,
Ешкім де жоқ қам жеген ғұмырына.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Мүгедек те ауруын ұмытты да,
Жегілді ғой даланың жұмысына.

Соғыс елді есінен талдырыпты,
Жүрекке де жараны салдырыпты.
Ұстаз бол деп қорғаныс министрі,
Сауаты мол Әбиді қалдырыпты.

Қырық бесте болса да, халық үшін,
Әби ұстаз көтерді нардың жүгін.
Түске дейін оқытывп балаларды,
Түстен кейін тыңдаітын дала үнін.

Солай риза қылыпты жұрагатты,
Ақтарғандай тарихи мұрағатты.
Алты жылдық білімі бар болса да,
Жастайынан алышты «ғұлама» атты.

Солай жаәздың күндері өтіп жатыр,
Одан сайын қара бұлт тәніп жатыр.
Үйреншікті жағдаймен гұмыр кешіп,
Ауылдағы тіршілік өріп жатыр.

Күнде «Орман» совхозы дамып жатыр,
Аудан түгел, облыс та танып жатыр.
Ауылына бас көз боп қалған Әби,
Әр қадамын іргелі басып жатыр.

Самрат Күскенов

Күнделікті жұмысын орындаған
ұжымшар да Әбиді мойындаған.
Соның еңбекқорлығын қызғанған соң,
Адамдар бар бағынбай қоқындаған.

Ақылдастып, жоспарлап жасалған-ау,
Іші тардың уы да таралған-ау.
Қасақана бір күні жұмысына
Кешігіп барды үш әйел араңдатар.

Бұл жай халық еңсесін түсіреді,
Үш әйелдің ісінен түніледі.
Жақтырмаған кешігіп келгендерді,
Әби жинап алды да бүкіл елді.

Ауылдастар! Жұмысқа кешікпеңдер,
Қын-қыстау кезең бұл, ерікпеңдер.
Қүйеулерің жеңілмеу үшін жаудан,
Сендер жұмыс істеуте ерінбеңдер.

Егін жинау бүгінгі міндетіміз,
Сарбаздарға көрсеткен құрметіміз.
Ел басына қара бұл төңген кезде,
Көмек беру-біздің бір сұннетіміз.

Жатыр жаудан қорғалып жерлеріміз,
Басын тікті қауіпке ерлеріміз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Еркелеуге уақыт жоқ, түсінсөңдер,
Елге сіңсін біздің де еңбегіміз.

Көз жүгіртіп қойыңдар жерлеріңе,
Сараң болмай төгілер терлеріңе.
Біздер қырман басында жүре алмасақ,
Тамақ қайдан барады ерлеріңе?!

Дұрыс болар жұмысты істесөңдер,
Бойға жауапкершілік жүктесөңдер.
Жауды қалай жеңеді тонып-жаурап?
Сендер киім-кешегін тікпесөңдер.

Ашаршылық көрмесін жауынгерлер,
Солар еді жеңісті алып берер
Қарыны тоқ, көйлегі көк боп тұрса,
Туыңды құлатпайды асыл ерлер.

Жалқаулансақ, біз артқа шегінеміз,
Арбасына құлдықтың жегілеміз.
Ерлеріміз аш болып, әлсізденсе,
Фашистерден оңбай бір жеңілеміз,

- Деп, ауылды бірлікке шақырады,
Солай, елдің беделін асырады.
Бірақ, айтқан сөздері бұрмаланып,
Билікке де жалған хат жазылады.

Самрат Құсекенов

Он алтыншы тамыздың таңы атты,
Жала қашан жаныңды жадыратты?!

Тұтқындалап ап Әбиді алып кетті,
Коммунистік партияның заңы қатты.

Бірден тергеу басталды, кешіктірмей,
Болған жайды дұрыстап естіп, білмей.
Есі-дерті жаланы мойындану,
Қылмыскердің тұрганда есі кірмей.

Бірақ, Әби мойнына алары жоқ,
Адал болған еркектің жанары от.
Тепкілеуге кірісті ойланбастан,
Тергеушінің ешқандай амалы жоқ.

Мойындайтын Әби жоқ, берілмеді,
Ит жеккенге айдалып, жегілмеді.
Шыбықпен де сабады, аямады,
Одан қайсар азamat женілмеді.

Тіпті, ине салыпты пайдасы жоқ,
Тергеушінің қолданар айласы жоқ.
Тамыз түгел, қыркүйек аяқталды,
Шенделердің Әбиге айтары жоқ.

Аяқталуга шақ қалды қазан айы,
Нұрландырмас жаныңды таң арайы.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Шешілмеген Әбидің ісі, енді,
Сотқа кетті, қалмады басқа амалы.

Хат жаз деген мүмкіндік берді үш күн,
Әділдікті көргісі келді мүмкін.

- Куәгерің көзімше келіп, айтсын,
Айтқанымға кәнеке, көз жеткісін.

- Деп Әби хат жолдады жоғарыға,
Ойы да жоқ «сот әділ болады ма?!»
Сот та болды араға үш күн салып,
Шыққан үкім ақылға қонады ма?..

- Конамын деп лауазым тұғырына,
Мән бермеген өзінің ғұмырына.
Құп көрмепті бұл Қеңес Үкіметін,
Кедергі боп партияның жұмысына.

Елді антикеңеспен үгіттеген,
Әр ісінен табылды бүлік деген.
Бәрін колхоз жұмысын істемеуге
Шақырғанда белі еш бүгілмен.

Жеңілеміз деп үран жазған үшін,
Қитурқы әрекетке барған үшін.
Әр кез жалған қауысет таратумен,
Ел ішіне іріткі салған үшін.

Самрат Құсқенов

Сегіз жылға Есекин сотталады,
(Абақты аз болар деп ойланады.)
Бесеуі хат алмасу құқығынсыз,-
- Деген соттың ісі де тоқталады.

Санасы жоқ НКВД адамдары,
Мейірімсіз өмірдің надандары
Сот залында ешкім жоқ, тәрт-ақ кісі,
Жатқан шалыс басылып қадамдары.

Болмады да, Әбидің сұрағаны,
Осы шығар тұлпардың құлағаны.
Бір адамға азайса қазақ саны,
Сталинге сол еді үнаганы.

Жұмбақтаған жазасы өлім болды,
Барған жері түрме емес, көрің болды.
Репрессия құрбаны боп атылды,
Оған күә тарихтың өзі болды.


Әділдік те Әбимен атылыпты,
Бұлақтай боп қызыл қан ағылыпты.
Көзі ашық, сауатты болғанымен,
Сауатсыз боп құжатта танылыпты.

Күйе қашан арыңды тазалады?
Жазықсыздан жазықсыз жазалады.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Сауатсыз адам қалай ұстаз болды?
Сансыз сұрақ жаныңды мазалады.

Жөн болса да тарихтың оралғаны,
Байқалып түр ұлтыңның тоңалғаны.
Ауыр соққы болмай ма жас үрпаққа,
Әділдіктің бір сәтте жоғалғаны.



Самрат Күсекенов

Алтыншаштың батылдығы

Шала қылыш көрсетіп даналарын,
Асылдардың түсіріп бағаларын.
Атып қана қоймайды жауыз партия,
Қорлайды «халық жауының» балаларын.

Айналса да, репрессия құрбанына,
Тыныштық жоқ ерлердің үрпағына.
Сталиндік террордан сақтанбасаң,
Пайда жоқ, өз еліндегі тұрганыңнан.

Әйтпегенде көргенің тозақ еді,
Шенділердің ойлары шолақ еді.
Бауыздалған қойдан да бетер қылған,
Жала деген қатыгез орақ еді.

Көз ашпаған тағдырдың ауырынан,
Қарсы тұрып, саясат дауылына.
Бір-ақ түннің ішінде жиналды да,
Алтыншаш та көшіпті ауылынан.

Барлық жүгін артып ап арбасына,
Ана түсті өмірдің арбауына.
Қиналса да, артына қарамады,
Шығу үшін зардаптың арнасынан.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Оның алған бағыты Ресей болды,
Жүкті әйелге қайсысы демеу болды.
Төртіншісі ішінде, қасындағы
Үш сәбидің саулығы мерей болды.

Қалғанымен көз жазып ардағынан,
Қауіп-қатер төнсе де жан-жағынан.
Ана тағдыр тезіне тускенімен,
Пана іздел жүр Қорған аймағынан.

Шомылды да даланың жауынына,
Балаларын жинап ап бауырына.
Ақырында ел тауып, тұрақ болар,
Орналасты Макушино ауылына.

Жыл өтсе де, құдері үзілмеді,
Жұмыс істеп, белі де бүгілмеді.
Асыл жарын құтумен ғұмыр кешіп,
Жазғанына Алланың тұңілмеді.

Сол кеткеннен Әби де оралмады,
Мол кетті гой, жан қалай тоңалмады.
Балаларға әкесін құнде айтып,
Жарқын бейне санадан жоғалмады.

Тұыстары алса да панасына,
Алтыншаш жүр көз ашпай азабынан.

Самрат Құсқенов

Шама жетпей төртеуін асырауға,
Сайраның берді өзінің ағасына.

Әр күн сайын жол жаққа қарап келді,
Елесті де Әбіге балап келді.
Іште кеткен баласы туып, міне,
Қойған аты ырымдап Аманкелді.

Ойлағандай болмайды өмір деген,
Алла нұры бұл үйге төгілмеген.
Ал, Алтыншаш жол жаққа қарайлад жүр,
Қарағанмен Әби де көрінбеген.

Нұриләсі да бой жетті, өскенімен,
Қызың бұрымын иығына төккенімен.
Сеэбекен соң әкенің алақанын,
Еш қызық жоқ жастықтың көктемінен.

Ұлбала да әпкенің ізін жалғап,
Өсіп жатыр өмірдің жырын талдаپ.
Әкесінің суретін құшақтап ап,
Жүргөй нәзік жүректің өзін арбап.

Бір көрсем деп зар болып бейнесіне,
Оранып ап әкенің жейдесіне.
Аманкелді өседі бал дәуренсіз,
Һіза, нала тұнып ер қеудесіне.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Дәм татпаған тіршілік зейнетінен,
Көз ашпаған тірліктің бейнетінен.
Бұрынғыдай сұлулық байқалмайды,
Әжім басқан ананың келбетінен.

Уақыт, шіркін әкелді жаңаларын,
Жоғалтса да өткеннің дараларын.
Ақыл тоқтап, ес кіре бастағанда,
Батыр ана жинады балаларын.

Ал, Сайранды басқа үй асырады,
Болған жайды ел қалай жасырады?!

Алтыншаштың айналып бауырына.
Нагашы деп таниды бауырлары.

Үш баласын Алтыншаш бағып-қақты,
Тағын жасап бермеді, бағын ашты.
Шындық іште жатпады жасырынып,
Әке жайлы ақиқат жалындағы:

- «Әкелерің білімді адам болды,
Қырық жаста еліне ага болды.
Үш келіншек алқаптың басындағы,
Айтқан сөздер Әбіге жала болды.

Сол сөз жетіп Үкімет құлағына,
Лай қосылды ерімнің бұлағына.

Самрат Құсекенов

Саяси құғын-сүргінге ұшырады,
Айналды да репрессия құрбанына.

Содан бері хабар жоқ оралмады,
Өзі кетсе де, көңілден жоғалмады.
Сегіз жылға сottaлып кеткен еді,
Он екі жыл өтіпті оралмады.

Сау ма?! Ажал құшты ма?! Біле алмадым,
Назарыма ештеңе іле алмадым.
Отанымыз Қазақстан болғандықтан,
Бөтен мекен Ресейде күле алмадым.

Маган бақыт болдыңдар, балаларым,
Сол күш болып, айтпадым ана зарын.
Нағашы деп айтатын Сайран деген
Менің балам, сендердің ағаларың.

Кешіріндер, әлсіз боп келген едім,
Кешірмейтін іс жасап кеткен едім,
Асырауға шамам жоқ болғандықтан,
Сайранымды агама берген едім.

Күлген кездे сендерден от аламын,
Бал-бұл жайнап шаттықтан қос жанарым.
Екі жылдың ішінде елге қайтып,
Бақытты құндеріме ораламын».

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

- Деп Алтыншаш айтты да ана сырын,
Еске алды жоғалтқан жанашырын.
Содан кейін еңкілдеп жылап алды,
Йісін аңсап алыстағы баласының.

1954 жылды келді,
Алтыншашқа Алланың сыйын келді.
Көшіп атамекен деп Орталыққа,
Сағыныштың сарғайған жырын терді.

Сыйлы болған әкесі ауылына,
Үш бала сый көреді қауымынан.
Бүкіл халық айқара құшақ ашып,
Әрқайсысы басады бауырына.

Ана деген қашан да батыр адам,
Әр ізінен байқалған батыл қадам.
Осы күнге жеткізіп жалғыз өзі,
Үш балага қадірлі «асыл ана».

Алтыншашты құрметтеп ауыл жатыр,
«Әби нағыз еркек» деп айттып жатыр.
Өмір-өзен тұрмайды бір орында,
Уақыт су бол тоқтамай ағып жатыр.

Сүйгенімен Алтыншаш немересін,
Көре алмай жүр өмірдің берекесін.

Самрат Құсқенов

Әбисіз тар көреді, амал қанша?!

Кеңейсе де үйінің керегесі.

- Әби менің ұстазым болған еді,
Халық үшін қашан да қорған еді.
Кешке қырман басында табылатын,
Соншалықты еңбекқор болған еді.

- Деп айтып жүр ауылдың кісілері,
Ұлағатты Әбидің інілері.
Бүгінгінің үлкені боп сөйлейді,
Кешегінің сотқарлау кішілері.

Қыын заман жырлары төгіледі,
Құмға қайрат, жігерің көміледі.
О дүниеге аттанды Алтыншаш та,
Көргені азап толы өмір еді.

Әби болса, жұмбақ боп қала берді,
Жалған тарих өз жырын жаза берді.
Қолдарынан келгенше іздең жатыр,
Сайран, Нұрилә, Үлбала, Аманкелді.

Бағындырған әйелдің ақыл шыны,
Айтылатын ертеңгі ақын жыры.
Төрт баланы аман-сау алғып қалған,
Алтыншаштың жасаған батырлығы.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Байқалганды, үлттына жақындығы,
Көңілінді тербейді ғасыр үні.
Қиын-қыстау кезеңде көшіп кету,
Алтыншаштың сөз жетпес батылдығы.

Заман бермес қайталап асыл ерді,
Деп өткен күн Алашқа шабыт берді.
Алтыншаштың ерлігі балаларын
Өз туган ауылына алып келді.

Бұл да, шіркін көңілдің хошы емес пе?!

Атамыздың салдырган жолы емес пе?!

Жеті атанаң қадірін үқтывратын,
Тектіліктің белгісі осы емес пе?!

Әжім ою салғанмен келбетінде,
Көрмесе де қогамның зейнетінде.
Шежірені пір тұтқан қиналса да,
Алтыншаштай ана жоқ жер бетінде.

- Ел үмытпас Әбидей азаматын,
Шығарса да, Үкімет жаман атын.
Орындауды немере-жиендері,
Алтыншаштың айтқан бір аманатын.

- Деп айтады өткеннің жүрнақтары,
Түсіндіріп тарихта жұмақ барын.
Елдің үкілі үмітін сенім ақтап,
Мұрагатқа жол тартты үрпақтары.

Ұрпақтың іздеу салуы

Өткен күнді аңыз қып жариялар,
Күннен-күнгө сарқылды дариялар.
Елім деген Әбидің көзін көрген,
Қатары сиреп жатқан қариялар.

- Сенің атаң жазықсыз кеткен еді,
Компартия тұбіне жеткен еді.
Үш әйелдің біреуі жала жауып,
Атаңды отқа лақтырып кеткен еді.

- Деп Қасым Сәрсекеев ой тербейді,
Шындықты жасыруға жол бермейді.
Өз елінің ардақты ақсақалы,
Шын айтса да, ештеңе өзгермейді.

Соны естіп Әбидің немересі,
Сыр ақтарды тарихи кебежесі.
Дерек ізdep Есекин Әби жайлы,
Таба алмай қашады берекесі.

Әби жайлы шындық та ашылмады,
Ақиқаттың дастаны жазылмады.
Күндер зулап, ілесіп айлар өтті,
Абыроны Сталинның шашылмады.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Тарихты да жаздырмай ойран қылған,
Құрастырып өтірік ойдан-қырдан.
Келгенде 1989!
Әбиге қатысты іс тоқтатылған.

Ашылмады шындығы бұныменен,
Өткен заман құралып ұрыменен.
Қылмыстық іс тоқталып, жабылса да,
Қауышпай түр болашақ ұлыменен.

Он тогыз жыл арага салды дағы,
Текті үрпақ қанатын жайды дағы.
Әжесінің айтқанын орындайтын
Екпін кетті қолына алды дағы.

Тыныш заман! 2008 еді,
Бірақ, маза бермеген сенім еді.
Болғандықтан мәслихат депутаты,
Маңыздысы өзіннің тегің еді.

Екпіннің де таусылмай «қап, пәлесі»
Орындалмай келеді бар уәдесі.
Әр кез құран бағыштап аруағына,
Еске алады өзінің жан әжесін.

Ақтарса да, аудандық мұрагатты,
Ақтарса да, облыстық мұрагатты.

Самрат Құсекенов

Ешқандай да ісінде нәтиже жоқ,
Таппаған соң іздеген ұлағатты.

Күнде Екпін түседі әбігерге,
Ұнағанмен өткеннің әні елге.
КНБ-ның да есігін қағып көрді,
Қол жеткізем деп үлкен жәдігерге.

Разы болып жатса да нәсібіне,
Үңіледі жырдың әр әрібіне.
Әзі жеке кәсіпкер болғанымен,
Аудармайды назарын кәсібіне.

Дүкендері жыл сайын салынса да,
Мейрамхана, тойхана ашылса да.
Кетіп жатыр Екпіннің сағы суға,
Бүкіл ауыл сөзіне бағынса да.

Есі-дерті шындықты білу болды,
Құпиялардың ішіне кіру болды.
Оқиғаның тізгісі жазылғанын
Көзбен көріп, санаға ілу болды.

Аман-есен тұрганда орманыңда,
Алынбайды ешқашан қорғаның да.
Құрбандарға арналған саябақ бар,
Орналасқан қаланың ортасында.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Із салсаңдар тарихтың бақшасына,
Талай дерек түсер оң жамбасыңда.
Жазылған сегіз мыңға жуық есім,
Үңілсең мемориалдық тақтасына.

Ұмтылса да ерліктің дастанына,
Құдай бермей отыр-ау бақ басына.
Атын толық жаздыртты атасының,
Әби деп мемориалдық тақтасына.

Соған арнап бес жүз мың теңге берді
Бір-біріне жақын қып ел мен ерді.
Шаршаса да, іздеуін тоқтатпады,
Әңгімеге тартып сөз мергендерді.

Шындық қайда деген ой санасында,
Жүргенімен халықтың қалауында.
Үлес қосып ескерткіш орнатуға,
Табылды демеушілер арасында.

Солай жүріп он екі жыл өтіпті,
Басқан әрбір ізі де жыр өріпті.
2020 келгенде, ақырында,
Талаптыға Алла да нұр төгіпті.

Шабыты бар адамдар ән шығарды,
Өмір деген алаңда бақ сыналды.

Самрат Құсекенов

Қазақстан Республикасы Президенті
Қасымжомарт Тоқаев заң шығарды.

Міне, енді тарихың сақталады,
Қуанышты жырлаудан жақ талады.
Ал, саяси құғын-сүргін құрбандары,
Бірі де қалмай, түтел ақталады.

Үнділді де, мұрағат құжатына,
Жетті Екпін Әбиев мұратына.
Түсініксіз болса да, жазулары,
Жауп тапты үрпақтың сұрағына.

Ақ көгершін қанатын қагып жатыр,
Бұлбұл ұшып өз әнін салып жатыр.
Полиция департаменті баспасөзі
Сүйіншілеп сайтына жазып жатыр.

Тыс қалған жоқ БАҚ-тың да өкілдері,
Репортаж боп шығатын өнімдері.
Тарихтың бір есімі анықталып,
Жаңалыққа ауады көнілдері.

«МТРК» телеарнасы бой көрсетіп,
Кек экранды тарихпен түр сөйлетіп.
Алдан шығып іздеген ақпараты,
Жатқандай заманауи ой өрлеңтіп.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Енді қалай ұлылық ұнтақталды?!

Әбиден де іздейтін үрпақ қалды

Журналист қыз Эльмира Садуақасова

Текті ұлмен кездесіп сұхбат алды.

Елең етті, естіген жұрагат та,

Шынымен дс тарихым-ұлагат па?..

Жергілікті полиция бөлімшесі,

Құжаттарын сақтайды мұрагатта.

Бір жүк түсті Екпіннің арқасынан,

Қол жеткізіп үрпақтың арманына.

Бүгінгі жыр Есекин Әби болып,

Сыймай жатыр шабыт та арнасына.

Айқын бағдар құргандай келешегі,

Екпіннің де ойлары кемел еді.

Бір парагы ашылса құпияның,

Оның да ой астары терең еді.

Үміт деген тек алға жетеледі,

Тектіліктің тең болып терезесі.

Әрі қарай зерттеуді жалғастырмақ,

Репрессия құрбанының немересі.

Қуаныштың шегі жоқ шаттанғанда,

Атасымен дұрыс қой мақтанған да.

Самрат Құсқенов

Азық болмақ өзінің үрпағына,
Болашаққа үлдары аттанғанда.

Ұлт деп жеке кәсіпкөр от кешеді,
Мұрағаттан табылып көп дерегі.
Ертеңгі күн болашақ болғанымен,
Өткен күндер тарихың боп келеді.

Нәтиже көр нық басқан қадамдардан,
Қанша қорлық көрсөң де арамдардан.
«Қара қарға» көлігі әкеткендер,
Табылып түр сарғайған қағаздардан.

Бүгін жеке кәсіпкөр жоспар құрды,
Көкіректе бірнеше ойлар тұрды.
Бауырында өскенін әжесінің,
Балалығын еске алып, ойлап тұрды.

Ұлық болып, із салған берекелі,
Кеңейеді Алаштың керегесі.
Қақ төрінде Орталық ауылның
Тұрап Әби Есекин кесенесі.

Шегіп қалған қалам да жаза берді,
Шөлдеп түрган ақын із сала берді.
Істің анық-қамына жеткеннен соң,
Үйықтағанда жанына маза берді.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Тұла бойға деректер толып қалды,
Үрпақ үнін құлак та қосып қалды.
1895 туган жылы!
Өлген жылы қалды белгісіз болып.

Тап болса да өмірдің азабына,
Берік болды өзінің талабына.
Еске алып, өліні разы қылышп,
Ие болып жүр Алланың сауабына.

Ешқашан да шықпаған жаман аты,
Ауылына тиіп жүр шарапаты.
Екпін Әбиев үлкен іс тыңдырды ғой,
Ауданының құрметті азаматы.

Еңбегі сіңген Жамбыл ауданына,
Елдің ұлы сүйікті Алласына.
Қасиеті бүйірып атасының,
Бір тылсым күш қонған-ау арқасына.

Елеген жоқ тағдырдың дауылын да,
Атын жіңі айтады қауымы да.
Бағындырды тарихтың Алатауын,
Тұрса да, Благовещенка ауылында.

Қазақ деген періште сәби болды,
Әр қадамы үрпақтың әні болды.
Бүгінгінің ең басты тақырыбы,
Аты аңыз Есекин Әби болды.

Тұйін

Тәрбиелейік қазағым, өзімізді,
Дұрыстайық айтатын сөзімізді.
Әби жайлы қаламды тербегенде,
Ақиқатқа жеткіздік көзімізді.

Ұлыларға жыр жазу парыз болды,
Болашаққа өткен күн аңыз болды.
Тілден емес, пәлесі адалдықтан,
Қарғыс атқыры Сталин жауыз болды.

Қазағыма иттілік қылған екен,
Көбін құртып, өлтіріп тынған екен.
Мың бір қазақ соғысса ана жақта,
Жұз қазақты мына жақта қырған екен.

Жеткізсек те, аспанға атағыңды,
Ақтарамыз тарихи парагыңды.
Ұлы Отан соғысы деп жырлаймыз,
Мұртты басшы қырса да қазағыңды.

Немістердің шығарған тас-талқанын,
Ерлеріңе тамсанып бас шайқадың.
Не деу қажет репрессия құрбандарын?!
Дұрыс болар шындықты ақтарғаның.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Жанға батты, ақиқат айта алмаймыз,
Өткен күнге бір сенім арта алмаймыз.
Атаң Әби Есекин ақталғанмен,
Атқандарды жауапқа тарта алмаймыз.

Ұрпақ деген біздің бір талибымыз,
Уақыт деген таусылар тарифымыз.
Жер астында еш ұялмай жататындаï,
Жер үстінде сақталсын тарихымыз.

Жоғалсаң да, ұмытпас есіміңді,
Мақтап жүріп, аялайтын сезіміңді.
Алтыншаштай жар табу өте қын,
Тектілікпен тербейтін бесігіңді.

Елдің берген, көгеріп батасынан,
Сыр шертетін өткеннің сағасынан.
Енді, бізге Екпіндей ұрпақ қайда?!

Алып шығар тарихтың тасасынан.

Әби жайлы ой толғап елімізге,
Айналдырдық бағалы тегімізге.
Іскерлігін айтамыз алға тартып,
Насихаттап отырган жерімізде.

Өз атасын іздеген, ұмытпаған,
Шыққан тегін ісімен ұлықтаған.

Самрат Құсқенов

Елге Екпін Әбиев үлгі беріп,
Көпшіліктің ниетін дүрыстаган.

Екпін ерлік жасады төгіп терді,
Әби жайлы ойларды өріп келді.
Іздегенін ақыры, тауып алып,
Әдемілеп нүктесін қойып берді...

*30.05.-12.06.2020 жыл,
Петропавл қаласы*

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

**Суреттер Әбиевтер әулетінің отбасылық
мұрагатынан алғынды**



Саяси құгын-сүргіннің құрбаны Әби Есекин

Самрат Күскенов



Әби Есекин отбасымен

ЖАЛА МЕН ЖАЗА



*Эби Есекин мен зайыбы Алтыншааш
балаасымен бірге*

Самрат Құсқенов



Әби Есекиннің немересі Екпін Әбиеев зайыбы
Шәкен және немерелерімен.

Петропавл қаласындағы саяси құгын-сүргін
құрбандарын еске алу саябагында

ӨЛЕНДЕР



ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

«Елім-ай» деп Қожаберген жырауым
Өткен болса, жөн гой ел деп жылауым.
Елге деген махаббатым бірақ та,
Көзге жас қып тұрғызбайды қырауын.

Сексен батыр таусылмайтын аңызың,
Шағрай шешен қастерлейтін абызың.
Тоқсан бидің көшірмесін жасады,
Фабдолбәри айтып тұрып уағызын.

Сегіз серің жырдан шумақ сыйлаған,
Нияз серің ой-орманнан шықпаған.
Серілердің соңғысы боп Игібай,
Суырыпсалма шабытымен жырлаған.

Әдебиеттің мақтанышы Сәбитің,
Ұлы сөзге зергер болды Габитың.
Сафуаның көркем сөздің шебері,
Бұныменен шектелмейді тарихың.

Жерге көркін беріп тұр-ау гүлің де,
Көктен нұрын шашып жатыр құнің де.
Малдыбайың дараланған қаламгер
Журналисттер үлгі болған бүгін де.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Дәрежесін өсірем деп ерлердің,
Ізтөлиннің атына да ел бердің.
Қазақтығын жоғалтпаған әлі де,
Қайранкөлің, Суаткөлің, Есперлің.

Топырағың — тарих тұнған сөрем-ай,
Сенің қызың-ханшам, ұлың-төрем-ай.
Социалистік Еңбек Ері атанды,
Құрманғали, Есім және Төлебай.

Өткеніңді қайран қазақ ұмытпа,
Осаң тұсың ұлың даңққа құнықса.
Іздең, ғалым Қосыбай ғылымын,
Зейнолла мен Ерболды да ұмытпа.

Тарихыңды қозғап тұру шарт бүгін,
Көр, рухани жаңғырудың сан түрін.
Руханияты аманатқа айналып,
Қыршын кетті ерке тортай Назгулің.

«Атығайдан шыққан ұлмын,» - демесе,
Дәстен жездем сырға толы кебеже.
Орындарды қүйеубала міндетін,
Сексен ерге тұрғызды да кесене.

Бүкіл ғалам дастан қылған есімің,
Меймандарға ашық еді есігің.

Самрат Құсекенов

Дәлелденіп түр сымбатты ұлың да,
Елін қиып келсе, Гұлшат келінің.

Ер боп өтті Смағұлов Таңатың,
Шыңға шықты Жақиянов Жанатың.
Үлгерген жоқ түгел зерттеп тарихты,
Насихаттап Социал мен Таңатың.

Ілінгенсің ауызына әлемнің,
Үні шығып жатса әсем өуеннің.
Кек туыңды желбіреткен Азияда,
Ұмытпайық Даниярын Кәленнің.

Халықаралық данқы шыққан елім-ай,
Тектілікті қастерлеген жерім-ай.
Ізін басқан Тәсеменов Жамбылдың
Аманғали Бекболаттай ерің-ай.

Сарбаздарың қадам басар жан қияр,
Оған дәлел Қайырбеков Бақтияр.
Дәл осындай замандастар болғанда,
Ақиқатқа айналады бос қиял.

Терендей түсті бүгін тағы, тарихың,
Рұхты оятып жаңарғандай жадимың.
Зерттеп шықты Сүйіндіктей батырды,
Дәріс болар іздеп шықса талибың.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Жырлап, Жамбыл ауданынан бет бұрам,
Әр ауылын тұған жерім деп тұрам.
Жиырма бірінші ғасырыңды ақтарса,
Сол тарихта ақының бол мен тұрам.

Қарақамыс, Айымжаның — ән-жырым,
Қараагаш — ашылмаган жан сырым.
Үш жыл сайын ауысса да әкімің,
Үш мың жылдық тарихың бар, Жамбылым.

ҚАЗАҚСТАНЫМ

Қазақстаным – менің атамекенім,
Әлем білсін қазақ дара екенін.
Жігіт болып биіктеге үмтылсам,
Еске түсе берді бала екенім.

Қазақстаным – баға жетпес Отаным,
Әр аймағы ат байлайтын қотаным.
Мықты ақын болмасам да боздатам,
Елім үшін шабыттымның ботасын.

Туган жерге басылмайды құмарым,
Хақтан келген өзіңсің бойтұмарым.
Қазақ деген шын атымды ұлықтап,
Аян болды сан белеске шығарым.

Омбы, Түмен, Орынбор да біздікі,
Алтын тақ та, гаунар тас та біздікі.
Менделеев жазып кеткен кестенің
Сексен сегіз элементі біздікі.

Рушыл болып қоғамаймын руымды,
Кәусар бұлақ қылдым мөлдір суымды.
Атажұрттым рух бергенде бойыма,
Тұғырынан түсірмеймін туымды.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Жершіл болып туламадым жерімді,
Пір тұтқан соң Айдаболдай ерімді.
Тұған жерім іңкәрлікті оятып,
Қазақ үшін төгіп келем терімді.

Қазақ болсын бақыттым да, сорым да,
Менің жаным Қазақстанның қорында.
Бүкіл ғалам аузын ашса, ашқандай,
Жер бойынша тоғызыншы орында.

Қазақстаным, мен де жаман балаңмын,
Өлең десең, ойға батқан далаңмын.
Жүргеніммен аманында ай-құннің,
Жас үрпақтың ертеңіне алаңмын.

Самрат Күскенов

ҰЛТҚА ДЕГЕН ГИЗАТЫМ

*Хан баласында қазақтың хакысы бар еді,
тірі болсам, қазаққа қызмет
қылмай қоймаймын.*
Әлихан Бекейханов

*Қазақ – менің бага жетпес қазынам,
Қазақ барда, кімге құл бол бағынам.
Қазақ тілін менсінбеген жан көрсем-
Намыстанам, ашынам!*

*Қазақ үшін қорлықты да көремін,
Қазағым деп қыындыққа төземін.
Құлақ кесті құл болсам да ұлт үшін,
Бәріне де көнемін!*

*Қазақ қызы-жүректегі иманым,
Қазақ ұлын жаман атқа қимадым.
«Ұлтшылсың!» — қамаса да түрмеге
Осы – ұлтқа гизатым!*

*Қиял болып тұрса-дағы ұшагым,
Әр қазаққа ашылады құшагым.
Ештеңе де жасамадым қазаққа,
Өмірдегі пұшагым!*

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Мың қазагым баспаналы болсын деп,
Алған үйі нәрселерге толсын деп.
Керек десең басымды да беремін,
Қазақ есен болсын деп!

Рұхым мықты болсын деп ой жинадым,
Білім іздең өзімді де қинадым.
Әзге тілде сөйлемеймін, қор болсам,
Ұлтқа деген ғиэатым!

АҚ ҚАЙЫҢМЕН СЫРЛАСУ

Ақ қайың, мен өзіңде ғашық едім,
Сенімен сырласуға асық едім.
Пенденің бәрі сырды сақтай алмас,
Сондықтан адамзаттан қашық едім.

Талқылап таста, ашқан жан сырымды,
Тіршілік түсінбейтін тағдырымды.
Әттең-ай, сен мылқаусың, сөйлемейсің,
Жазсам да, шабыттанып ән-жырымды.

Жаң болса, көлеңке боп жапырағың,
Жанымды өсек-оттан жасырасың.
Аңсасам, сақау болып жүрген кезді,
Сен мылқау соны естіп жадырадың.

Қыс болса, қырауланып тұра бердің,
Сырымды тыңдай алмай ұра бердің.
Себебі, маңың қарға толып қалып,
Оппалап жете алмай құлай бердім.

Адамнан опасыздық көріп жүрміз,
Көрсек те, көрмегендей құліп жүрміз.
Жарысып сені отын қылған сайын,
Ештеңе айта алмай көніп жүрміз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Ал, мені қоғам отқа тастап жатыр,
Арымды кезекпенен ластап жатыр.
Шақшадай басым кетті шарадай бол,
Шарасыз екенімді растап жатыр.

Ақ қайың, қиналдық-ау екеуіміз,
Болмай жүр ешқашан да дегеніміз.
Жалғаның алауында қүйгенсің деп,
О дүниеде жұмақ болар мекеніміз.

Самрат Құсекенов

ЕН ҚЫСТАУЫМ

*Есілдің биік, қызыын жарының етегі
қысқы қонысқа ыңғайты болып, оны
қазақтар «Ен қыстау» деп те атаған.*

Жақсыбай Самрат

Ен қыстаум!
Қазіргі тұрағымсың,
Өмірдегі ырысым, жұмағымсың.
Қызыл жардың етегін пана қылған,
Тарих дейтін ағылған бұлағымсың.

«Абылайдың ақ үйі»
Аталғансың,
Алты Алаштың құты бол саналғансың.
Өмір-Есіл өзені болып өтсе,
Тірлігіңмен толқын бол жаралғансың.

Күншығысы Магжанның —
Сен боласың,
Көкжиекпен қашан да тең боласың
Өз бағаңды білмесең,
Ен қыстаум,
Қалай туган ұлыңда кең боласың?

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Ен қыстауым!
Бүгінгі мекен-жайым,
Өтер күнім, шыңдарға жетер айым.
Өлең жазсам жаныма от береді,
Шабытымды тербейтін терек-қайың.

Кең жайлалауым,
Кешегі ауыл еді,
Ауылсыз қап күн кешу ауыр еді.
Айрылған соң даладай кеңдігінен,
Сені қыстап жүретін қауым еді.

Ен қыстауым!
Қыстаймын, қысыламын,
Шынын айтам, несіне сызыламын.
Тіршілікке қыры жоқ ақын болып,
Қарбаласқан тірліктен жығыламын.

Әйтпеген де, барап ем жайлалауыма,
Себепші боп тұратын жайнауыма.
Қанша пана болсаң да,
Ен қыстауым,
Бәрібір де жетпейсің, жайлалауыма.

ЕРКІНДІК ТУРАЛЫ ОЙ

Тәуелсіздік баға жетпес бақыттым,
Ешбір жанға бағынбасын шабыттым.
Қазақстан Республикасы шарықтап
берсін жарқын болашақтың бағытын.

Жыр жазуга кетсін бүкіл уақыттым,
Қазақ барда таусылмайды жақұттым.
Бостандықтың арқасында ел болдық,
Шешіп тастап бодандықтың қамыттын.

Брежневтың заманынан тұтылдық,
Корбочевтың саясатынан ұтылдық.
Сталинның ақсаңдатып билігін,
Колбиннның сүм дәүірінен құтылдық.

Біздер Қеңес Үкіметін көрмедік,
Тәуелсіздік тұғырына өрледік.
Әлиханның қиындығын сезбестен,
Тал бесіктен шықпай жатып төр дедік.

Азаттықта жазылсын ән-жырымыз,
Танылғанмен азаматтық қырымыз.
Сыйыспаудан Құдай сақтап халқымды,
Бірлік болып, ашылсын жан сырымыз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Бейбітшілік заман бастан кетпесін,
Оқтың даусы құлаққа да жетпесін.
Той-думанның даусы шықсын тек қана,
Еш мемлекет, бізге қастық етпесін.

Егемен ел, аман болсын бар қазақ,
Тұлғасымен көрінетін нар қазақ.
Сирияға көз жүгіртіп бір сәтке,
Осы күнге шүкір десін әр қазақ.

Қазақ десе жыр бұлағы ағылсын,
Жерлестерім тойдан ғана табылсын.
Еркіндіктің туын жықпай ешқашан,
Еркін ойлар өлең болып жазылсын.

АЙ, САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫ

Елім деп еңіреген бабаларым,
Сөздері нақыл болған даналарым.
Құранды бағыштамай рухтарыңа,
Желіде еске алады балаларың.

Желіде еске алады балаларың,
Білмеймін, не улаған саналарын.
Садақа беріп, дүға оқытпай ма?!

Лұпілмен ұлықтамай аталарын.

Ойымды мына қоғам мазалайды,
Өзінше жан-тәнімді тазалайды.
Ай, саяси құғын-сүргін құрбандары,
Ел қашан ерлігінді бағалайды?!

Останға арнадыңдар ерлігінді,
Дәлелдеп Алаш деген елдігінді.
Жағылған күйе мұлде тазармастан,
Алғыздың жамағатпен теңдігінді.

Қайда жүр тектілердің үрпақтары?!

Қашан да мыңнан озған тұлпарлары.
Иманды керек қылар аруақтары,
Ай, саяси құғын-сүргін құрбандары.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Ескерткіш орнатыңдар ұлыларға,
Лауазым ұсынғанша ұрыларға.
Желіде зерттегенше аят оқы,
От кешкен ұлтым деген ұлыларға.

Алаштың көсем болған сұлтандары,
Шынайы өмірімнің сұнқарлары.
Виртуалды әлемде қор боп түрған,
Ай, саяси құғын-сүргін құрбандары.

ТӘНТІМІН СЕҢІҢ ДАЛАҢА ЕСІЛ АУДАНЫ

Жанымды көркем табиғат жаулап барады.
Қаныма қүннің шуағы жыр боп тарады.
Тәніме шипа бергендей аққан бұлағың,
Далаңа долы шабыттым туласп қарады.

Өйткені, ғашық екенмін сайдын далаңа.
Дем алмай келдім зәру боп таза ауаңа.
Құмыңның өзі жеріндег тұнған жыр екен.
Мойындарап, тәнті боп жүрсем ақын балаңа.

Жылқылар шауып, төсінді өбден шаңдатты.
Ну орман өзі көрсетіп қояр сағдатты.
Аралап шыққан мазары алты атаның,
Өмірдің жырын бір тылсым күшпен талдатты.

Дәм-тұзы, сұы жарасқан Бұлақ ауылы,
Киелі жер боп соғатын шабыт дауылы.
Иманнның нұры жүректе тұнса құйылышып,
Табылып қалар тәнімнің шипа, сауығы.

Құдайдың өзі жіберді сені жырла деп,
Қолыңдан келсе өлеңнен маржан сыйла деп.
Мұтәллап, Еслям көрмеген ақын атаңның.
Дауысын туган еліне барып тыңда деп.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Балалық шақта аңыз қып сені қыс-жазым
Өтетін іште булығып қалған жыр-назым.
Сенбекен едім айтқанда сынып жетекшім,
Кешірсін енді, Ақтоты тәте-ұстазым.

Күтпеген жерден жеткіздім бұған көзімді.
Төрінде аунап, кірлеттім тіпті бөзімді.
Тәнтімін сенің далаңа Есіл ауданы,
Фажайып тілмен жеткізе алмай сөзімді.

ЕРЕЙМЕНТАУ АРУЫ

Талабыңнан биіктікті көремін,
Тәрбиенде мақтан тұтып өтемін.
Сендей болса, қазақтың әр сұлуы,
Білмес едім сыйластықтың көлемін.

Бауырмалсың, бәрін тартқан өзіне,
Қарамаған адамзаттың бөзіне.
Алақаның Құншалпындайып – ыстық,
Сыр тұндырып түп-тұңғиық көзіне.

Сені көру әр адамға ақ арман,
Шарапатқа бөлейтіндей бақ арнаң.
Қарапайым көрінсең де сырт көзге,
Сенің ішің руханиятты ақтарған.

Жазушылар ұлықталып арқанда,
Сенің үнің қалыптасқан дарханда.
Түйдік-түйдік туындылар жатталып,
«Сандықтасқа» айналғансың, арланба.

Мінез-құлқың айқындайды жерінді,
Ұлы жолда төгіп жүрсің терінді.
Ел алдында өнерлі қыз болсан да,
Тауың құсап табу қажет ерінді.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Серің болам арнап жазған жырларын,
Төрт жол қылып көрсетсе де қырларын.
Періште боп өзгерктенде періңді,
Серілікпен ашар ердің сырларын.

Қадіріңе жетпей жатыр көп адам,
Кейде бұны оңашада ойға алам.
Ерке сылқым ақылына көркі сай,
Сені қашан аялайды бұл галам?!

Ардақтаймын, дос деп сыр да ашамын,
Өзің барда сыннан қалай қашамын?!
Таудай болсаң, Ерейментау аруы,
Тас төбенде аспан боп нүр шашамын.

ҚАЛАЛАР АУЫЛ БОЛЫП ӨЗГЕРЕДІ

Қалалық десе, жанға өң береді,
Тарихтың берілгендей көп дерегі.
Мамлют, Булаев пен Сергеевка
Қалалар ауыл болып өзгереді.

Кішкентай мәселе міз жуандады,
Ел үшін туғандарды у жармады.
Тұскенде қала ауыл деңгейіне,
Ұстаздан басқа ешкім қуанбады.

Себебі, жалақысы көбейеді,
Барлығын жыбырлатқан көмей еді.
Өтірік аяушылық күткенімен,
Құлығы байқап тұрсақ дөкей еді.

Шыншылды мойынынан сығады ма?!

Мың мәстек бір тұлпарды жығады ма?!

Айлықтан ел беделін төмен қойған

Ұстаздан ел деген ер шығады ма?!

Бұл ісі мұғалімнің саралаған,
Ойымды бір ай бойы мазалаған.
Өздері кінәлі ғой, тұра қашып,
Ауданың орталығын пана лаған.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Не болмақ еліміздің келешегі?!
Ұстаздың ақша болса берекесі.
Балалар дүние құлыш болып шықса,
Керегем енді қалай кеңеїеді?!

Уақыт та тоқтамастан зымырайды,
Бұл ғасыр аңсатады Үбірайды.
Жалақы үшін сүйген оқушысын
Мұғалім несие үшін құлдырайды.

Ұстаздар, төмендемей сөздеріңмен,
Егіз қыл ақыл, тәлім көлдеріңмен.
Шәкіртті ақша үшін тәрбиелемей,
Әтінем, жүріңдер өз жөндеріңмен.

КРИСТАЛҒА ІЗДЕУ САЛУ

Кристалға іздеу салсан,
Бауырым!
Көрсің, тек қыындықтың ауырын.
Геометриялық заңдылықтар сай келмей,
Түрғызасың ашудың бір дауылын.

Молекула жайында түк білмейсің,
Жан Перреннің ғылымын да ілмейсің.
Қатты дене пішінінде деп жүріп,
Ақымақтық көрсеткен бір пілдейсің.

Мүмкін емес, атомды да ұгуың,
Білім алмай биіктікке ұшың.
Бекер еді, тырыштанып жүрсөң де,
Оқымастан ғылымнан жыр құруың.

Корғасынды еріт, балқыт, тоқтама,
Кристаллды жасай алмай боктама.
Жүріп келе жатқан іс-ион деп өзіңді
Корлай бермей, мінеziнді ноқтала.

Ал, менікі өз орнымен реттелді,
Білген сайын ойлауым да шектелді.
Кристалға іздеу салу-далбаса,
Мағынасыз ғылым жанды жеп келді.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Кристалл деп көрдік астың түзын да,
Қысқа болып көрінердей ұзын да,
Біз іздеген кристаллдың барлығы,
Жиылады қыста Есіл мұзында.

Қуанайық, ақ ұлпаның барына,
Дақ түсірмей, тектілердің арына.
Кристаллдың бөлшектерін іздесең,
Бір аунап кет, Қызылжардың қарына.

ІЗТӨЛИН АУЫЛЫНА БАРЫП ҚАЙТСАН

Текті ел ұлыларға бас иеді,
Тарихтың сақталғандай бақ киесі.
Бір Уақтың атында бір ауыл тұрса,
Жоғалмас ұлттымыздың қаснеті.

Ел сөзін Үкімет те ескеріпті,
Жақсылап ауыл атын тексеріпті.
Кировка-Баймагамбет Ізтөлин боп
Θэгерткен атауын жүрт мәңгеріпті.

Құт қонып әр үйінің есігінде,
Ақтапты ердің артқан сенімін де.
Қазақша сайратыпты бұлбұлдай қып,
Тұратын орыс, татар немісін де.

Себепші болатындай бақытыңа,
Құстар да жөн сілтейді бағытыңа.
Солтүстік-шығысында Сұлтан көлі,
Арқау боп тұрар қызба шабытыңа.

Бірақта, қабыргама бататыны,
Заманның жоқтау жырын жазатыны.
Қазақы ауылдағы мектептерді,
Еш аямай, бала жоқ деп жабатыны.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Ғұмыры үзақ ауыл болмай қалды,
Қатыгез ердің гүлі солмай қалды.
Ізтөлин жиырма екі жасаса,
Ауылы жиырмада да толмай қалмайды.

Аюдың біз болсақ та өтін ішкен,
Әкімге кіріп шықтық өтінішпен.
Ізтөлин ауылдана барып қайтсан,
Біткенін көріп кеттің өкінішпен.

Ақынның атындағы ауылым-ай,
Барлығы менің ағам, бауырым-ай.
Ізтөлин ізін салып қалдырмаса,
Ішінде тұрмас шабыт-дауылым-ай.

* * *

Біз – Керейміз!
Ұлылардың еліміз,
Мақтанышпен айтылған әр еріміз.
Ақтар, гүнның мемлекеттік тарихын,
Қызықты боп тұрса, біздің тегіміз.

Біз – Керейміз!
Мықтылардың біріміз,
Сыртымыз-құт, бақ болатын ішіміз.
Ұлы Түрік қаганатын оқып шық,
Дараланып қалай қалды ізіміз?..

Біз – Керейміз!
Қашпас ешбір қадірі,
Текті қылышп жаратқан соң Тәңірі,
Шыңғыс ханға өкіл әке болыпты,
Аты аңыз Оң хан-Керей әмірі.

Сыйын қара, Алла деген шебердің,
Тарихымды біліп, нұрға кеңелдім.
Кенесары ханды туған қазаққа,
Ару ана Биби-қызы Керейдің.

Біз – Керейміз!
Ұлан-ғайыр жеріміз,
Төгілетін ел деп қара теріміз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Тоғыз оғыз деп аталған бір кезде,
Оғыздан да қалған мұрагеріміз.

Біз – Керейміз!
Айтарымыз мол еді,
Өткен күндер қалған сара жол еді.
Орхон, ойғыр жазуына үйретіп
Тиген біздің үлесіміз зор еді.

Біз – Керейміз!
Бағындырған асқарды,
Тәрбиелеп те шығарғанбыз заңғарды.
Мұраң-ауыз әдебиетін талдап шық,
Білгің келсе, «Еркөкше» мен «Камбарды»

Біз – Керейміз!
Тұп-тамыры тереңде,
Үл-қыздарын қорқақ, осал демеңдер.
Тарихымыз зерттелген де, бір түнде,
Сырымызды естіп, білер керең де.

Біз – Керейміз!
Таныған ақ-қараны,
Құптамаған ешқашан да аланы.
Жақсыларды өз ойыңмен болжай бер,
Самрат еді, Керейдің ең жаманы.

МЕН – УАҚТЫҢ ЖИЕНИМІН

Нағашы жұртым
Уақтан таралады,
Текті ұл жиендікке қарамады.
«Қай қыздың құрсағында жатқанмын?» деп,
Ананың шыққан тегін саралады.

Іздендім,
Шың болғым кеп күніменен,
(Жылдың қыс, көктем, жазы, күзіменен).
Тектілік деген әке қаны болса,
Қасиет қонар ана сүтіменен.

Бөрілер
Кіндігінен тамыр тартқан,
Өсиет естіп өскен абыз қарттан.
Екінші жұртым менің «Уақ» деген ру,
Батыр Баян атымен бағы артқан.

Ер Қосай,
Қамбар батыр,
Сары батыр,
Тарихым ер есімін жазып жатыр.
Тәніме батылдықты қондыра кеп,
Жүргегім ақиқатты танып жатыр.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Уақтан да ақын шыққан
Ірі болып,
Шындық деп жүрген еті тірі болып.
Киқулап Алматыны тік тұрғызған,
Асқаров Ерік қалған жырың болып.

Мен өткен замананың өлеңімін,
Қазақтың мақтан тұтқан өр ерімін.
Жастарға сенім артқан отты жырмен,
Мағжанның орынбасар бөлесімін.

Ойларым жан нұрына бөленеді,
Ешкім де шабытымды бөгемеді.
Атақты Социалистік Едебек Ері,
Тау тұлға Есім Шайқин бөлем еді.

Мен-Уақтың
Мәпелеген жиенімін,
Рухани байлықтың көкжиегімін.
Ақ сүтін ішкендіктен текті қыздың
Арына дақ түспеген, киелімін.

Адамзат
Әсер алса ұрпағынан,
Шежіре тартқанымен ұл қанынан.
«Елім!» деп еңіреген ерлер туған,
Руы Уақ арулардың құрсағынан...

ЗЕҢГІБАБАНЫҢ АРУАҒЫ РАЗЫ БОЛАР

Сүт, қаймақ, май, айран, ет-байлық еді,
Бір Алладан берілген айлық еді.
Сол дәuletке ие болу үшін, досым,
Сиыр ұстап, бағың җарлық еді.

Теzek күреп, шөп жинап өскен елміз,
Шаруашылық сыйынан өткен елміз.
Химикаты аралас зат қолданып,
Еріншек боп қалаға көшкен елміз.

Сиыр ұста, ырысың тарылмайды,
Бағың жұмыр басыңнан арылмайды.
Зеңгібаба түлігі ұлықталмай,
Тіршіліктің бүршігі жарылмайды.

Сиыр ұста нұр себер дәuletіңе,
Мөңіресе сән болар сәулетіңе.
Төрт құбылаң теңесіп, мәнді болар,
Төрт емшегі күш берсе әuletіңе.

Сиыр ұста, атаңның аманаты,
Мал жайлай да бүгінгі заман аты.
Айыр, күрек ұстаган әкеміздің
Ешқашан да шықпаған жаман аты.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Сиыр ұста қораның сазы болар,
Елбасының бүл да бір назы болар.
Жалқауланбай, тұлғін қастерлесек,
Зенгібаба аруағы разы болар.

МАЛШЫНЫҢ БАЛАСЫМЫН

Жүрттың ала жібінен аттамадым,
Өз-өзімді байлышқа баптамадым.
Лауазымға ұмтылып біреу құсап,
Иттілікпен ішімді ластамадым.

Өнеріммен бәрін де аң-таң етем,
Бәйтерегім барын да дастан етем.
Адал жолмен нәсібін тауып жүрген,
Әкем – малшы, мен бұны мақтан етем.

Біреу үшін мен бәлкім топ жармаймын,
Бірақ, данққа мылтық бол оқталмаймын.
Әкем-малшы тарихта есесіне
парапордың баласы бол қалмаймын.

Елден кем бол қалмаган жегенім де,
Орындалып отырды дегенім де.
Әкем – малшы, жатпайды басшы құсап
Жемқор болып намыстың еденінде.

Самрат Күсекенов

Өлең болып өмірлік қара шайым,
Тұлпар болып кешегі қара тайым.
Жағымсынып өсетін шенеуніктен
Жоғары бол тұрады қарапайым.

Жыр жазатын шабыттың даласымын,
Қатарымның қашан да дарасымын.
Ақын болсам өнердің әлемінде,
Ал, өмірде малшының баласымын.

Жалтақтауды сондықтан түсінбедім,
Шалғысы кеп жүргеннен сүрінбедім.
Ары таза малшыдан тәрбие алып,
Қастығына арсыздың қүйінбедім.

СІЗ БОЛАСЫЗ, ЕКІНШІ ӘКЕМ МЕНИҢ

Ұстазым Шаймерденов Құат Есмагицына

Адам болар ұстазын ұлықтаган,
 Биік шыңға мінсе де, ұмытпаған.
 Ер мүгалім – екінші окең еді,
 Шала шықса, ісінді дұрыстаған.

Алдыңызды көргенім бағым болды,
 Біліміңіз мен үшін жасын болды.
 Арқаныңда шарықтап шәкіртіңіз,
 Қазір, елге еркелеп ақын болды.

Қаладыңыз,
 Фарыштап өсерімді,
 Баптадыңыз,
 Құт көріп өнерімді.
 Кешіріңіз бірақ та,
 Шынын айтсам,
 Қаптап жатыр,
 Тілейтін өшерімді.

Айналмадым, қоғамның жуасына,
 Жабысқан соң таланттың жуанына.
 Атыңызды тарихта қалдырам деп,
 Шауып жүрмін, сендім де қуатыма.

Күш-қуатым, сіз берген білім еді,
Әр ізінде мен үшін ілім еді.
Бағытыңыз оң болып, жалындаймын,
Кейде таяқ жегізген тілім еді.

Сіз айттыңыз;
- «Талантсың, дарасың», - деп,
«Ертең, шаршы топты қақ жарасың», - деп.
Жемісінде дән берер шаққа келсе,
Біреу шықты;
- «Сен әлі баласың», - деп

Сіз ғұлама тұлғасыз алашыма,
Ұлағатты болған соң баласына.
Ұрысым боп, үйреткен үйқасыңыз,
Түсіп жүрмін, жыр-дода алаңына.

Көңіл-күйім тек жырмен жарасады,
Қырт деп кейбір санасыз бал ашады.
Сіз боласыз, екінші әкем менің,
Орныңызға қай адам таласады?..

Жаным, тәнім тәрт жолмен сырласады,
Жүрек буын, бунақпен сыйласады.
Сіз едіңіз, екінші әкем менің,
Құлышыңыз тұлпар боп қыр асады.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Он жазушы бір сізден оза алмайды,
Жүз журналист дәл сіздей бола алмайды.
Аңсап кеткен ұстаздың мейірімін,
Оқушының бір жерге қона алмайды.

Шәкіртіңіз жүрттан сөз тере алмайды,
«Орталықты» ашқанға ере алмайды.
Бір өзіңіз сіңірген дәрістерді
Мың тәлімгер жамылып бере алмайды.

ЖАЛЫҚТЫМ

Кінәлі қып қоя берген өзімді,
Жалған айтқан, бақырайтып көзімді.
Өзегімді жарып шыққан сөзімді,
Кор қылудан жалықтым!

Кім оқысын менің жаэған хатымды?..
Шеттерінен даттап бітті атымды.
Зейін қойып, тыңдалмаған датымды,
Айта беріп, жалықтым!

Бір бастықтың артын бәрі жалаған,
Карсы пікір білдіргенді талаған.
Ақиқаттың өлеңтінін қалаған
Залымдардан жалықтым!

Үлттың қамын жемесе де, сайраған,
Үлтжанды боп жоқ намысын қайраған.
Қазақ тілін торға қамап байлаған,
Мәңгүрттерден жалықтым!

Қонаевтың бір-ақ сөзін тыңдаған,
Миға қалған даналығы сыймаған.
Тарихынан қашып жүріп жырлаған
Жамағаттан жалықтым.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Үлкен жаза деп жұмыссыз қалдырған,
Мың жағымпаз бір шыншылды шалдырған.
Жас жүрекке оңбай жара салдырған,
Тас қоғамнан жалақтым!

Айналама енді қалай жағайын?!
Ала болып қалай қанат қағайын?..
Шынын айтсам, құлақ аспас ағайын,
Шындықтан да жалақтым...

УӘЖ АЙТАЙЫН ХАЛҚЫМА

Бүгін менің туған күнім жазған-ай,
Ойдың кеңін маусым түні қазған-ай.
Мейрамхана жалдар едім, той жасап,
Тағдыр қолдың қысқалығын жазған-ай.

Маңайым да үнсіз жатыр тойламай,
Осы күні кім туды деп ойламай.
Сый-сияпта көрсете ме деп жүрсем,
Бәрінде де несие бар ой, пәле-ай.

Амал қанша, тойсыз өмір сүрейін,
Саян құрмай, жыр білегін түреін.
Сауық кештен жұмылдырық жегенше,
Қошеметтен құрмет көріп жүрейін.

Бақыт пен сор тоғысып бір арнада,
Шабыт келер жайбарақат саунада.
Ойын-сауық кешенінде тапталмай,
Шапалақтан шапан кием сахнада.

Ойын – арзан, құлкі – қымбат болмасын,
Ойым салса ақиқаттың олжасын.
Тым болмаса, уәж айтайын халқыма,
Мінберіңе мені шығар жолдасым.

АЯЛДАМАДА ЖЫЛАП ОТЫРҒАН ҚЫЗДЫ КӨРІП КЕЛГЕН ОЙ

Он бесінші сәуірдің қара түні,
Шыққан қыздың жаңғырып дара үні.
Арын былғап қалған соң аяқ-асты,
Кете барды қол бұлғап бала күні.

Сорлы қыздың көзінен жас парлайды,
Дауысына қай жігіт ән арнайды?!
Болған істің бояуы сіңгендіктен,
Жыласа да, өткенін қайтармайды.

Кеше гана қызы еді айдай сұлу,
Келбетінен төгілген жанға жылу.
Бүгін әйел боп қалды амал қанша,
Бар арманың болғанмен ханша қылу.

Құлақ аспай бойжетсе атасына,
Алақан да жаймаса батасына.
Пәк болуы бұл қыздың екі талай,
Құштар болса көргеннің хатасына.

Сұлу сөзге арулар құнықпаңдар,
Болашақты ешқашан ұмытпаңдар.
Гүл сыйлаған жігітті құшақтамай,
Жыр арнаған ақынды ұлықтаңдар.

Самрат Құсқенов

Ақын сенің арыңды ойлап жүрер,
Мәселенді мұңым деп қозғап жүрер.
Сенімен неке қиғанша асық болып,
Нәзіктікті ұлыға бойлап жүрер.

Он бесінші сәуір де қөктем еді,
Жан-тәніңе нұр-шуақ тәккен еді.
Бірақ, түні ғашықтар күнімен деп,
Қызды гүлдей солдырып өткен еді.

Қызды ғана кінәлай алмаймын мен,
Қалай ғана әділ боп қалмаймын мен?!

Бір алақан қошемет соға алса,
Бұған мұлде ізімді салмаймын мен.

Жігіт өзін бір түзу жолға салсын,
Арам ойы арды ойлап жолда қалсын.
Жүрген кездे тәуліктік пәтер ізденеп,
Қарындасын, әпкесін ойға алсын.

ӘСКЕРДЕҢ КЕЛГЕН ЖІГІТТІҢ ҚАСИРЕТИ ЖАЙЫНДА

Вокзалдың шабытыңды баптайтыны,
Перронда бүкіл елдің қаптайтыны.
Гүілдеп жүрдек пойыз кеп тоқтады,
Сезілмей ердің арын таптайтыны.

Куанып бәрі ерін қарсы алды,
Біразы гәккулетіп әнді салды.
Бір сарбаз достарының арасында,
Көзіне еріксізден тамшы алды.

Колында бір сурет тұр әп-әдемі,
Үңілсөң тұнғандай бір ән әлемі.
Дауыстап оқығанда, сөйлемдері
Басталып кеткендей бір жан әлегі.

«Жуырда қыз ұзату тойыма кел,
Ақ тілек айтып, әсер бойыма бер.
Өмірлік серігімді кеziктірдім,
- Деп жазды – асыл досым, тойыма кел!

Бұл сөздер ер жігітті қорлап кетті,
Ойды да бір тылсым күш торлап кетті.
Әскери билетімен қатар келген,
Шақыру билетімен сорлап кетті.

Киянат сіңген қыздың санасына,
Шіркін-ай, не бүйірмақ жазасына?!

Бір күні ұлға ана қылса Құдай,
Айналып келмейді ме баласына?!

Жігітті пайдаланаρ қыз көбейді,
Әкетті жыбырлатып жыр көмейді.
Борышын өтеп, Отан алдындағы,
Махаббат деп жазбапты бір өлеңді.

Соғыс та елді қалай сынамады?!

Естіген адам қайтып жыламады?!

Төрт жылға шыдап еді қыздар сонда,
Ал, бүгін бір жылға да шыдамады.

Сағынса, әлеуметтік желі бар гой,
Байланыс аясының елі бар гой.
Қыз емес, қу байтал боп шыққан екен,
Бойында мағынасыз сезім бар гой.

Айтқанмен ештеңе де оралмайды,
Пәк сезім кетсе адам оңалмайды.
Ағасын, інісін бір сыйлаған қыз,
Ешқашан кісліктен жоғалмайды.

Жігітің сарбаэ болса бақ санаңдар,
Ерлік қой, ер жігітті мақтасаңдар.
Әскерге шығарып сап үш айдан соң,
Бай ізденеп ардан енді аттамаңдар.

ОЛИМПТЫҢ ПАЙДАСЫ ЖОҚ, ЗИЯНЫ БАР

Бәс тігем деп, басың бірге кетпесін,
 Желмен келген бақ түбіңе жетпесін.
 Қөрген жоқпын бұдан байып кеткенді,
 Құмар ойын өзіңді жер етпесін.

Женіл жолмен келген ақша сорлатар,
 Бетауы жоқ уайымдаумен қорлатар.
 Маңдайыңа Құдай жазса байлышты,
 Байқап қара сенен жұлып кім алар?!

Бәрін салып айрылып қалма барыңнан,
 Құр қаласың келіп қонған бағыңнан.
 Клиникалық-диагностикалық зерттеуің,
 Тонап жатыр руханиятты жаныңнан.

Бұл жүріспен белгісіз кімге ұнарың?!

Мәнсіз ойға арта түсті құмарың.
 Кім ұтылып, кім жеңеді бір жұмбақ,
 Жарамайды қайран жастар бұларың.

Студент жүр оқу ақшасын бере алмай,
 Жас маман жүр бір жұмысқа кіре алмай.
 Олимп деген магынасыз бәсеке,
 Сол жандарға кәсіп болмақ, Құдай-ай.

Самрат Құсқенов

Сан соғасың айтқан голың дәл келмей,
Құштарлығың кетер ойға сән бермей.
Шабандоздың өзі түр гой қобалжып,
Өз шаруаңмен жүр, құр босқа сенделмей,

Пайдасы жоқ, зияны көп ойынды,
Қызмет қылмай, аулақ ұста бойыңды.
Олимп шыңы жігерінді құм қылар,
Басқаға жұмса, қабілетті ойынды.

Уақытыңды пайдаланбай ұтымды,
Қаштырасың өз қолыңмен құтыңды.
Қайдағы жоқ Арсеналға бәс тігіп,
Екі ортада басып қалма бұтыңды.

ОРИГИНАЛ АҚЫНМЫН

Сусындардан халықты жырларымен,
Бой көрсеткен жүлденің шыңдарымен.
Сене берме, ақын боп сөйлегенге,
Өлең жазған бапкердің ықпалымен.

Мен олардың жоқ едім қатарында,
Бір болсам да өнердің сапарында.
Оригинал ақын ем, елге жақын.
Айналасын ұстаган назарында.

ЖЕТИМ

Ертеректе бір жігіт болған екен,
 Іші білім нұрына толған екен.
 Сансызбай деп атасы туған кеәде,
 Атын азан шақырып қойған екен.

Сол Сансызбай ер жетіп ізін салды,
 Шыққан тегін ертеден біліп алды.
 Үйленем деп жүргенде, жолықтырды,
 Атасының құрдасы Фылымхалды.

Хал сұрасып болған соң сырласады,
 Солай жас пен қария сыйласады.
 Қуанышын білдіріп Фылымхал қарт,
 Тектілікпен жігітке сыр ашады.

- Үйленбек деп естідім, құтты болсын,
 Елім деген жүрегің түкті болсын.
 Жетім қызға үйленбе,
 Есің болса,
 Нәпсің, санаң, түйсігің мықты болсын.

- Деп, ақсақал айтады өз ақылын,
 Құлақ болса, ілетін сөз нақылын.
 Еш түсінбей Сансызбай сасқалақтап,
 Білгенімен іздеді ой асылын.

Самрат Құсекенов

- «Жетім көрсөң, жебей жүр» - деп келеміз,
Мейірімді болуды ескереміз.
Тағдыр деген ұғым бар, құдіретті,
Пенделікке қашанға дес береміз?

Жетім адам емес пе?
Түсінбедім!
Бұл сөзіңнен мен қалай қүйінбедім?
Жетімде де жеті ата бар емес пе?
Деп ойымды білдіріп, сүрінбедім,

- Деп, Сансызбай айтады жас болса да,
Жастық шақтың буына мас болса да.
Ғылымхал қарт қопарып ойдың түбін,
Ер жігіттің айтқаны рас болса да:

- Жетім емес «Жетім!» деп жүргеніміз,
Дұрыс болар мәнді өмір сүргеніміз.
Тексіздерге ұқтыра алмаған соң,
Осы болды, жай жүріп қүйгеніміз.

Ата-анасы жоқ адам жетім емес,
Олай ойлап жүргендер теңім емес.
Жетімдікті айтайын, көпті көрдім,
Сұлулардың бәрі де керім емес.

Жетім деген тәрбие көрмеген қыз,
Босағадан аттамай төр деген қыз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Тиым салмай оң жақта отырса да,
Кырық үйге қарамай өрлеген қыз.

Жетім – жеті атасын білмеген ұл,
Тектілікті санаға ілмеген ұл.
Жеті атасын сұрасаң, құліп қарап,
(Білмегені үшін бет тілмеген ұл)
Ұялғанынан қара жерге кірмеген ұл.

Жетім – жоққа, аштыққа төзбеген ел,
Бірге болып сынаққа көнбекен ел.
Ұл мен қызының көпшіл қып тәрбиелемей,
Өзімшіл боп кетуді көздеген ел.

Балам, солай түсінсең, пікірімді,
Байланыстыр тәрбиемен біліміңді.
Ой астарын ұқпастан сөз сөйлесең,
Халық қайтсін жинаған іліміңді.

- Деп дәстүрін айтты да ауылның,
Кемелдігін көрсетті ақылның.
Ал, Сансызбай өкінді бармақ тістеп,
Сөзін үқпай қалған соң асылының.

Тектілікке кім қазір мән береді?
Рухың емес, байлығың сән береді.
Жеті атасын мәңгілік ұмыттырып,
Ақша, несие айтылар әндер еді.

Самрат Құсекенов

Жеті жүрттың қамын жер үл қалмады,
Бұл сәт қалай жүрекке мұң салмады?..
Айта беріп талады жағың бүгін,
Құлақ түріп қайсысы тіл алады?..

Елді құнсыз пұл қалай жетелесін?..
Қаштыратын тектің берекесін.
Жеті атаны дәріптер аталар жоқ,
Болашаққа апарып немересін.

Қылау түсті тектің көкжиегіне,
Ел мән бермес шежіре киесіне.
Не пайда бар бүгінгі аталардан,
Немерем деп жабысса жиеніне.

Фылымхал мен Сансызбай өнегесі
арқылы ел санасы көгереді.
Қыздан туған баланы немере деп
Жүргендердің ақылы төмен еді.

Қайда жүр жөн сілтейтін аталарым?..
Ақыл айтар бүгінгі даналарым.
Жиендерің немере болып жатса,
Ертең жетім болмай ма, балаларым?

Алла жар бол, Қебеннің жүрнағына,
Айналсақ та, бір елдің тұлпарына.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Құдасынан қорқатын аталарым,
Жеті атасын үйретпес ұрпағына.

Жеті атаны айтқандар ұнасын ба?..
Көңіл үшін тектілік құласын ба?..
«Жиеніме жаттатты жеті атасын,»
-Деп құдаги жек көрер құдасын да.

Амал қанша, төмендеп сана жатыр,
Жаста ес жоқ, мән бермей ата жатыр.
Біңгайыңда қаратып жасасаң да,
Тексіз болып ұрпағың бара жатыр.

Ал, тексіздер жетім боп саналады,
Қатты тиіп, жүректі жаралады.
Асыраған еңбегің жерге кетер,
Ақиқатты қайсысы бағалайды?

Дер кезінде жинайық есімізді,
Үлықтайық рух пенен тегімізді.
Солай ғана тіліміз сақталады,
Солай ғана қорғаймыз жерімізді.

Замандастар қандай бір білім алды?
Үш диломым бар ғой деп ізін салды.
Сансызбайдай азамат табылмайды,
Әңгімеге тартар қарт Ғылымхалды.

Самрат Күскенов

Ойсыз өткен мезгілім күзім еken,
Ой сәулесін шашатын тұnіm еken.
Баламды ойлап, үйқымнан шошып тұrsam,
Естігенім, әншейін тұsіm еken.

Ақын деген бақытты жырымен де,
Жырым барда Құдайдың сыйы менде,
Көрген тұsіm өңімде орындалса,
Балам жетім бола ма, шынымен де?

Дұние жалған ертеңге алаңdatқан,
Бүгін шындық айтқандар жаза басқан.
Үйықтауға да қорқамын,
Көз ілмеймін,
Көндіlіm де қалып тұr замандастан.

Жабысқан соң өмірдің құндызына,
Үқсан бағам өнердің жұлдызына.
Жеті атасын біletіn жанмын, Алма!
Тексіздікті көрсетпе, ұл-қызыма.

Руханияттың шомылып әселіне,
Сүйенемін тарихтың дәлеліне.
Жеті атамды піr тұtar ұл-қызыыммен,
Сана берсін болашақ әйеліме.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Жігіт деген жарасар асқан белмен,
Ел жарасар намысы дастан ермен.
Амандығым маңызды бола қоймас,
Жеті атамның аруагы жатқан жерден.

Жетімдері қаптаған қоғамым-ай,
Саған қарап жазда да тоңамын-ай.
Жеті атаны білуді заң қып қойса,
Текті елмен бәрінен озамын-ай.

Жетім екен өз тегін ілмегендер,
Тегі үшін жүргегін тілмегендер.
Ертең қалай ата-ана болады екен,
Жеті атасын қастерлеп, білмегендер.

АТЫРАУДЫҢ ТАРИХЫНАН ШЕРТКЕН СЫР

Исатай мен Махамбеттей баласы
Ер боп өлген батырлардың қаласы.
Отты жырлар туындаса ерліктен,
Атырауым-ұлылардың даласы.

Тигізейін енді саған табанды,
Жырлау үшін сырға толы дағанды.
Зерттеп жазды Әбуталиев Нәбиден,
Аңыз болған Сегіз сері бабамды.

Серілікпен шарласам да әр елді,
Шабытыма балап келем әседі.
«АЛАШ» ұлттық қозғалысын қопарсам,
Жолықтырам Досмұхамед Халеді.

Әрбір күнін дастан болып жазылды,
Табу қыын сірә, сендей асылды.
Ақындарың ел аузынан түспейді,
Әбу, Хамит, Лұқпан, Женіс, Табылды.

Ақындарың ел аузында жүр әлі,
Әдебиет боп руханияттың құралы.
Ойып тұрып орын алды тарихтан,
Марат, Рахмет, Аманқос пен Нұралы.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Жақсы адам сөз табады мақтауга,
Тектілікті Қазақстаным сақтауда.
Жантөріннің елін көріп, қуандым,
Театрын көрсем дагы Ақтауда.

Кім білмейді Қойшығұлдай ақынды,
Шынайылық танытқанда дарынды.
Филология әлеміне баарда,
Оқу керек Зейнолладай ғалымды.

Ғабдол, Мәжит, ұлылықты танушы,
Ал, Зейнолла Қабдол «Мұхтартанушы».
Сәтімжан мен Тәжібайдан жалғасып,
Сенен тамыр тартқан бір топ жазушы.

Құн қызыарып батар болса батыстан,
Аспан жүлдyz сыр түймесін ағытқан.
Қабыргаңды қайыстырып көз жұмды,
Откен жылы Отарбаев Рақымжан.

Желбіретем шабытымның тұлымын,
Лайландырмай махаббаттың тұнығын.
Әртістердің нанын шайнап беріпті,
Драматург Есенжолдай құлышың.

Сөзбен жазып поэзияны құс қылдық,
Солай, елге жүрек сырын ұқтырдық.

Самрат Құсекенов

Ал, Қалымов Мұхит балаң суретші,
Суреттерін көзбен көрер жыр қылдық.

Тарихыңды оқып, таңдай қағылды,
Көмейімнен жыр бұлағы ағылды.
Атыраудың тарихынан шерткен сыр,
Болашаққа шам-шырақ боп жағылды.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА
ҚОСТАНАЙДЫҢ ВОКЗАЛЫНДА

Армысың, кие қонған Қостанайым,
Тарихың оқып шықсам толған айым.
Сыңарың Қызылжардан келген едім,
Сондықтан мейман боп ой толғатайын.

Сырыңды ашып жырмен саралайын,
Көгінен байқалады қарапайым.
Далаңда ызғарлы жел соғып түр-ау,
Қызылжар құсап салқын ауа райың.

Ағарып атып жатқан таңың қандай,
Кешегі ұлышты танытқандай.
Ұбырай «Кел, балалар оқылық», -деп,
Тәлімнің түймелерін ағытқандай.

Із қап Ахмет, Әліби, Міржақыптан,
Әсер алып тұргандай жыр бақыттан.
Оюланып жолыңың жиектері,
Қанат бітіп қалықтар құс уақыттан.

Бір бақыт төсінде кеп дастан жазу,
Мың бақыт тұргының боп орналасу.
Әйткені, өшпейтүғын із қалдырған,
Серікбай, Фаббас, Сырбай, Нұрхан, Faфу.

Самрат Құсқенов

Тамсанам, көрген сайын орманыңды,
Әкелсе шабыт деген толғағымды.

Қалиев Айбек жыр қып Арқалықты,
Әбенов Саят жазған Торғайыңды.

Әр көшең аппақ, Сырдың күрішіндей,
Данаалық айтқан қарттың жүрісіндей.
Тік тұрган мұнарадай ғимаратың
Хакімжан Наурызбайдың мүсініндей.

Ой нұрын шашар жыр боп кебежеден,
Кім бар-ау?! Өткеніңді елемеген.
Келбетің Кенбаевтың суретіндей,
Қызықтап қарап тұрсаң терезеден.

Кіретін адам қайта шықпағандай,
Ақындар жырлап жүрсе жырлағандай.
Қызыңмен отау құрған күйеубалаң,
Ықтаса, қайын жұрт деп ықтагандай.

Ойлардың қалып қойдым орманында,
Кідіріп Қостанайдың вокзалында.
Түгелдей алмас тіпті яндекс те,
Қалғансың тарихыңның қоймасында.

АҚТӨБЕ ДАЛАСЫНДА

Қара қылды қақ бөліп топты жарам,
 Бірақ, қайдан?! Өмірдің өзі арам.
 Ақтөбенің өзін бір көрмесем де,
 Аймағына ізімді салып барам.

Әйтеке би тұратын көшін бастап,
 Ақтөбе де жазылып жатқан дастан.
 Отан үшін Әлиясы жанын қифан,
 Он екіде бір гүлі ашылмастан.

Есет Көтібарұлы заңғар батыр,
 Есімінің өзінде дархан жатыр.
 Кім білмейді Темірбек Жүргеновті,
 Қоғамына қайраткер, қорған шатыр.

Шөл даладан қаншама дарын шыққан,
 Шабытының төсінен жыр ағытқан.
 Білмеу күнә Нұрпейіс Байғанинді,
 Бізге қалған мирасы ақындықтан.

Ақындардың тізімі құрылатын,
 Еріксізден ат басы бұрылатын.
 Саги, Іэтай, Қуандық, Қуаныштың
 Тілдерінен жыр бұлақ құйылатын.

Самрат Құсекенов

Оқығанда Тахауи Ахтановты
«Қаһарына» бүкіл ел аң-таң болты.
Домбырасын шерткенде есіне алар,
Мықты күйші деп Ахмет Жұбановты.

Боранғали, Өтежан, Есенбайға
Жете туып асатын ақын қайда.
Өлеңдерін оқымай жүрген қазақ,
Құздан шықпас, басынан бағы тайса.

Әр қазағың талантпен мұңдасқандай,
Шағылдары тарихпен үштасқандай.
«Рахмет саған тұған ел,»-деген Ертай,
Бар қазақтың ойынан сыр ашқандай.

Әртісіміз Бекеева Ҳадиша қыз.
Қол жетпестей көрінген даригамыз.
Әкесіне бір қызың қарап өскен,
Саз өнерін пір тұтып Газиза қыз.

Ботагөз де ақын ау дара болған,
Оқымасаң ниетің қара болған.
Розалардың көкесі Ҙаманова,
Жүріп өткен жолдары сара болған.

Ақтөбенің аңыз боп ұл-қыздары,
Табылмайтын өнердің құндыздары.
Құндылығын жоғалтып алды, бірақ,
Жарқыраған эстрада жұлдыздары.

ТОҚҚОЖА ШАҢАРЫ

О, Тоққожа-менің асыл бабам-ай,
Есіміңді естіп, аттай шабам-ай.
Кіндігіңнен тамыр тартқан ұл болып,
Шежіреңнен ырысымды табам-ай.

Әкелерім ақтап, төккен теріңді,
Осы күнге жеткізді гой тегіңді.
Әрі қарай жалғастырып қаныңды,
Келешекке әкетеміз шеріңді.

Үрпақтарың ғұмыр кешіп жан-жақта,
Өз жемісін шығарып жүр әр бақта.
Абыроыйң шашылмайды ешқашан,
Тұқымыңды әр қалада шашсақ та.

Біз тұрганда, таусылмайтын жырың бар,
Ешкімнен де жасыромаған сырың бар.
Тайырыңың мекен-жайы болып тұр
Нұр-Сұлтан мен Қекшетау және Қызылжар.

Тоққожиндар-Қазақстанның тынысы,
Әрқайсысы - әр қазақтың ырысы.
Тоққожадан таралғандар дәл бүгін,
Алты Алаштың айтып жүрген ұлысы.

Самрат Құсқенов

Ұлылықты сақтап келді сойымыз,
Елге ашық айтылады ойымыз.
«Тоққожаның разы бол, - деп, - аруагы»,
Іс бастарда дірілдейді бойымыз.

Тарих, білім, ғылым-басты назарда,
Тірлігіміз техникалық заманда.
Тоққожаның үрпақтары-ауылда,
Тоққожаның үрпақтары-шаһарда.

Жаңбыр жауса, одан жыр боп жауганмын,
Шөпшегің боп қаныңнан нәр алғанмын.
Ей, Тоққожа дейтін үлкен шаһарда
Мен Құсқенов Самрат-шағын ауданмын.

ҚАНТАЙ КӨШЕСІ

Дарындары тізбектеліп шығатын,
 Эрбір ізін өнегелі қылатын.
 Қебеннің төрт баласынан таралып,
 Шаптыратын ой алаңда жыр атын.

Ел ішіне шешен болып танылған,
 Сөздерінен дана бұлақ ағылған.
 Эрқайсысы шеттерінен оқыған,
 Айтқан сөзі нақыл болып жазылған,

Шындық айтып, ел төрінде сайраган,
 Турашыл боп айтқанынан таймаған.
 Қастерленген асылдардың түкімбы,
 Шежіресі жылдан жылға жалғаган,

Он төрт үй боп бір көшени ұстаган,
 Қаламдарын тек дарынға ұштаған.
 Өтіріктің балын ішпей жағынып,
 Ақиқатты айтып удан ұртаған.

Еркектері төрелердің төресі,
 Эрқайсысы елдің бір, бір төбесі.
 Бикештері күн шуағы, ай нұры,
 Қантайымның жарқыраған төресі.

Самрат Құсқенов

Мен де осы тамырлардың көжегі,
Әлі алда әмірінде көрері.
Әр қазақтың аңызына айналған,
Нар тұлғалар шықкан Қантай көшесі.

ҰЛЫ ЖЕҢІС

Соғыс деген сөздің өзі қаһарлы,
Естіп, жасқа толтыратын жанаңды.
Жеңіс деген үгым қандай тамаша,
Бар айналаң болатындај ажарлы.

Біздің буын қан майданды көрмеген,
Бейбітшілік заманымен өрлеген.
Ардагерлер арқасында бақытты
Ғұмыр кешіп, әрқашанда төр деген.

Жеңіс күні келсе, болды шаттанам,
Нұрға бөлеп тұратындај Астанам.
Германияның опасыздық жасаған
Тас-талқанын шығардық деп мақтанам.

Ұлы Жеңіс таусылмайтын жырымыз,
Алла берген біздің үлкен сыйымыз.
Кекжиектен арайланып таң атып,
Шұғыладан төгілетін нұрымыз.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Отан жайлыштың аңыздар,
Еске түсіп тұрмайды ма абыздар?..
Азаттықтың таңы үшін жас үрпақ,
Батыр болған атасына қарыздар.

Соғыс деген сөздің өзі қаһарлы,
Естіп, жасқа толтыратын жанарды.
Жеңіс деген үғым қандай тамаша,
Бар айналан болатындағы ажарлы.

ЕЛДІ БІРЛІККЕ ШАҚЫРУ

Ұлы той, көппен көрсек өмір сыйын,
Жағанда елмен бірге көңіл жырын.
Жалғанда барлығымен сыйласып өт,
Сыйластық ашар еді сезім сырын.

Бінтымақ деген біздің берекеміз,
Ол барда таусылмайды мерекеміз.
Бұзылса, үйінде де мағына жоқ,
Темірден қойылса да керегеміз.

Тату бол, Алты Алашым, жамағатым,
Татулық пен келісім шарапатың.
Рушылдық, жершілдіктен аспай тұрсақ,
Не пайда бермек, бізге парасатың?..

Ел барда арта түсер ырысымыз,
Ел жоқта тарылады тынысымыз.
Іргендей мықты қылар бірлік еді,
Сонымен құтқа толар ыдысымыз.

Бабаның зор сенімін ақтау керек,
Шындық пен әділдікті жақтау керек.
Еркіндік туы көкте тұру үшін,
Ел ауызбіршілікті сақтау керек.

ӘКЕ МЕН БАЛА

Асыға, Оразаны күткен бала,
 Күн санап сергелденгө тұскен бала.
 Ауызын бекітуте құштарланып,
 Тәніне иман нұрын төккен бала.

Төзімі жетпей таңғы сәресіне,
 Өзінше берік болып уәдесіне.
 Балақай құнтізбеге қарады да,
 Бір саяул қойып еді әкесіне.

- Ораза айында бақ ашыла ма?!

Шам-шырақ алдымыздан жағыла ма?!

Әке қалай ойлайсың? Біз, сағынған,
 Рамазан айы бізді сағына ма?!

- Дегенде, әкесі де ойланбады,
 Сан-саққа ой жүгіртіп толғанбады.
 Жауабын қарапайым тілмен ғана
 Бергенде қос қанатын қомданбады;

- Әрине, балам бізді сағынады,
 Қеудене Алла нұры шашылады.
 Әр жылы он күн ерте келетін ай,
 Рамазан да біз жаққа асығады.

Самрат Құсқенов

- Деді де, өткен жылды саралады,
Аталы сөздерді де жағалады.
Айтқаным жас ақылға қонымды ма?
Деп, іштей өз санасын мазалады.

Расында, жанға рахат беретін ай,
Бәрінің қадіріне жететін ай.
Былтырғы жылды талдап аңғарсаңдар,
Рамазан-он күн ерте келетін ай.

Мол сауап болар, бекіт ауызыңды,
Ораза ұстап қайтар сауығыңды.
Аллаға сүйекті құл болар едің,
Соңыннан ерте алсаң ауылыңды.

ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАННАН ЕСТЕЛІК

Түркістан қаласына барған сапарынан ағам
 Ағла берген таланттымды елеп, Қожа Ахмет
 Яссави кесенесі, киелі жерден қалам әкелген
 екен. Екі жылдай өтсе де, сәті бүгін түсіп, қо-
 лыма тиді. Тура жолда жүрген соң, тәбем көк-
 ке бір елі жетпей, арқам қызып кетті.

Басылмайды жырга деген құмарым.
 Өлең еді бұл өмірден ұтарым.
 Қасиетті Түркістаннан естелік
 Деген қалам болады бой тұмарым.

Ағамыздың лебізі деп үгайын,
 Қамқорлығы деп бағалап тұрайын.
 Корлагандар бас иеді алдымда,
 Дарынымды қолдап түр ғой Құдайым.

Қатар шапты талантим мен талабым,
 Елемедім малғұндардың мазағын.
 Адалдықты ақ ту қылып жүрейін,
 Құдіретті жерден келді қаламым.

Өнер-теңіз, ой айналса кемеме,
 Толқындалып шабытым да келе ме?!

Самрат Құсекенов

Маган осы Қожа Ахмет Яссайи
Бару арман болып жүрген кесене.

Алла жаэса тілегіме жетемін,
Қазақстанның жерін жұмақ етемін.
Түркістанға тиген кеәде табаным,
Иманды үл болып шыңға жетемін.

Ақындығым ойдың кенін қазады,
Бітпесе де, бос қиялдың азабы.
Дәм бүйірса Түркістанға жол тартқан
Сапарымды осы қалам жазады.

ЖҮРЕКПЕН ӨЛЕҢ ЖАЗАМЫН

«Өнерден қашан кетесің? - дейді,
Ел үқпай ашқан сырымды.
«Өзінді сорлы етесің», - дейді,
Жақтырмай, жазған жырымды.

Айтыңдар қане, себебін тауып,
Тілімді қалай құрмейін?!
Ойлардың келген есігін жауып,
Бүйтіп мен өмір сүрмейін.

Өнерім-өлең, өлеңім-өмір,
Тұсінер кезің жетті гой.
Оныз да қарғам, еңселі көңіл,
Жиырмамен бірге кетті гой.

Жүрекпен өлең жазамын, қара,
Шынайы дарын мен едім.
Киялдап көкке барамын дара,
Өзімді құсқа теңедім.

Танымал ақын болу жоқ ойда,
Талантпен егіз болған соң.
Сөйлеймін, тілек айтып көп тойда,
Санамда сәуле толған соң.

Самрат Құсекенов

Шабытты іздел, көшениң кезем,
Табыла берсе тақырып,
Тәніммен бүкіл дүниені сезем,
Ойларды шыңға шақырып.

Поэзия деген әлемді шарлап,
Жетпіске дейін жүрремін.
Жыр жазып кейде, кетсем де шаршап,
Қыздарға қарап, күлемін.

Содан соң саспа, ажалым келер,
Қашпайды менің қадірім.
Қызылжар болса, бағалы мекен,
Кеңсайда тұрап қабірім.

ҚЫЗЫ ЖОҚ АНА

Қызы жоқ ана – ең мықты ана қашан да,
Сол адам ақыл беретін асыл данаң да.
Әрдайым құрмет көрсетіп бүкіл қазағың,
Шежіре үшін бағалай білген атаң да.

Ұлы бар ана көбірек батар уайымға,
Ананы аяп құрсінген қызыл қайың да.
Өзінің қара басының қамын жегендер,
Қадірлі жанға әпермес көктің айын да.

Қызы жоқ ана мейірім төгіп жүэзінен,
Сыр шерте алмас даланың раушан гүлінен.
Қыз құсап ұлы майысып жүре алмайды,
Сондықтан болар қайғырып жүрсе түнімен.

Ұл деген әр кез төбелес іздел ұрынар,
Жілгіттің сырын түсіне алсаң жүгі нар.
Үйленбей ұлы, тыныштық таппас жаны бір,
Ананың сырын күйеуі ғана ұғынар.

Көшеден емес, үйінен ізде дананы,
Таппайсың досым, анадан асқан пананы.
Қызы жоқ ана жоғары тұрсын бір саты,
Ер ана сол гой, іздесең батыр ананы.

Самрат Құсекенов

Кызы жоқ ана аямапты сені тағдырың,
Ішіңде қалды ашылмай жүрген жан сырың.
Ұзарып қолың, қысқарып тілің қалады,
Келіннің тыңдал түрмиспен жаэған ән-жырын.

Кыз жоқ деп, ана қам жеме бес күн жалғанда,
Жөн болар қазір өткенге көзді салғанда.
Ұл тапқан ана үлтүнің қамын жасаған,
Міржақып, Мағжан жырынан қуат алғанда.

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Отан дейді, атамекен, ел дейді,
Елдің бәрі патриот боп терлейді.
Сол жандардың кейбіреуі алайда,
Өз жанұясын сыйлағысы келмейді.

Күн зымырап, айлар жылдан озғанмен,
Ел мәңгілік, алған дүниең тозғанмен.
Отбасыдан басталады негізі,
Отан деген оттан ыстық болғанмен.

Дұрыс болар соны ойға туюің,
Жерің үшін отқа түсіп күюің.
Отбасыңың қадіріне жетпесең,
Мүмкін емес Отаныңды сүюің.

Отбасыңың әр мүшесі-багалы,
Әр мүшесі өзің үшін саналы.
Армандарға қол жеткізу жолында,
Жақындарың сый көргені шамалы.

Терінді тәк, еңбек сіңір, ел үшін,
Ата-бабаң қанын төккен жер үшін.
Отбасыңды қастерлеп өт, әрдайым,
Үлт болмысы сақталатын тек үшін.

Самрат Құскенов

Ажырасқан отбасылар көбейді,
Тұғанындаï көріп кетер өгейді.
Отан дейді сонысына қарамай,
Өзінше боп жыбырлатып көмейді.

Осы болар өз елінді қорлауың,
Қалағаның ақыр заман орнауын.
Шаңырағың шайқалмасын әйтпесе,
Екі талай Отаныңды қорғауың.

Шындық десе ешқашанда жақ талмас,
Кінәсі жоқ ел алдында ақталмас.
Отбасылық құндылықтар сақталмай,
Отанның да шекарасы сақталмас.

АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ

Қоғамнан ба, үқпадым заманнан ба?..
 Мен қорқута айналдым адамнан да.
 Шаригатқа қарама-қайшы жүрген,
 Бұл жамандық жасалмас наданнан да.

Мағынасыз махабbat құратындар,
 Зиналыққа ат басын бұратындар.
 Ақыретте не демек?!
 Жауап берсе,
 Азаматтық некеге тұратындар.

Бұл іс ұлттық болмысты құлатады,
 Кәпірлердің өмірін ұзатады.
 Қосылмаған Алманың қалауымен,
 Қос жүрек деп өздерін жұбатады.

Осы емес пе ұлт арын таптағаны?..
 Арсыздардың ойларын баптағаны.
 Азаматтық некенің көбейгені,
 Зинақордың маңайда қаптағаны.

Отбасылық құндылық жоғалып тұр,
 Тектіліктен әр қазақ тоңалып тұр.
 Тыңдамаған шығыстың даналығын,
 Ағымына батыстың оралып тұр.

Самрат Құсекенов

Тексіз үрпақ саналы болады ма?!

Руханияттым бұл күнде тозады ма?!

Некесіне ешбір мөр басылмаса,

Бармақтай бақ жүптарға қонады ма?!

Колмен жасап, көтермес мойынымен,

Жігіттер көп жүрмес өз орынымен.

Жалғызбасты аналар көбейгенде,

Тірі жетім қаптайды толығымен,

Елім үшін ойымды паналадым,

Жегідей жеп жанымды мазаладым.

Азаматтық некеге тұрмау керек,

Шама-шарқым жеткенше сараладым.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА
ЖЕРЛЕСТЕРИМ

Жерлестерім!
Қадірлі жамағатым.
Шығармайтын ұлының жаман атын.
Мен сендерді сағынып, аңсап жүрмін.
Рух болған соң көппен бір жаңаратын.

Жерлестерім!
Тыңдаңдар көсеміңді.
Тықсанңдар да көмейге көсеуіңді.
Өшіп барып түсіндім қайта жанып,
Қолдауларың арқылы өсерімді.

Жерлестерім!
Тіл бітіп сақауыңа,
Үқсап бақты өнердің Ақанына.
Қызылжардың қыраны болғанымша,
Айналсам гой, Ілияның бақасына.

Жерлестерім!
Бәрі сөз мерген еді.
Даналықтан нақылды терген еді.
Қарапайым жан болдым, себеп бұған,
Малшы тәлім-тәрбие берген еді.

Самрат Құсқенов

Жерлестерім!

Тарихым – есімдерің.

Жүргегімді жаулайды сезімдерің.

Кешіріңдер, ақталмай қалып жатса,

Маган артқан бағалы сенімдерің.

ТЕМІРЛАН

Тастап кете алмаймын ән-жырымды,
 Ешкім үқпай жатқан соң жан сырымды.
 Тілім ащы болған соң жексүрүнмын,
 Тіл мен жаққа жаэздырып тағдырымды.

Ренжімейтін сен ғана, не десем де,
 Аспанға да, жерге де теңесем де.
 Іштей білем, тым шеттен шыққанымды,
 «Мезі қылыш жібердің!» - демесең де.

Әлде, жаның сезе ме, өсерімді?..
 Іәдей бердің жыр деген нөсерімді.
 Әдебиеттен тым алыс болсаң-дағы,
 Тас төбенде көтердің өнерімді.

«Сыйлаймын!» деп, Темірлан шабытымды,
 Құр бекерге жоғалтпа уақытыңды.
 Жыр арқылы өзімді алдарқатам,
 Таба алмасам өмірлік бағытымды.

Әй, Темірлан сен болсаң ағатайым,
 Елге жырдың шуағын таратайын.
 Руханияттан шөлінді өлең бассын,
 Сусыныңды қандырар қара шайым.

Самрат Күсекенов

Темірлан-ай, бұл – біздің нәзіріміз,
Ақындықпен өлшенсе қадіріміз.
Мойның емес, басыңа шығып алдым,
Жарасымды болған соң әзіліміз.

Сыр ашылды шабыттым тұлағанда,
Ой. Сөз. Мида алысып, шулағанда.
Шайқымаңақ құрдасың болар едім,
Бір жыл бұрын, ертерек тұмағанда.

ЖАЙЫҚТЫҢ ТОЛҚЫНЫМЕН ТУҒАН ӨЛЕҢ

Жазғаным, жыр сәулесін қутған өлең,
Айтқаным белді бекем буган өлең.
Тарихтың толқынында сақталады,
Жайықтың толқынымен тұған өлең.

Нұрыңды қүйдірганда ақ жаңбырым,
Халқыма аян болды ашқан сырым.
Әдебиет параграфында жазылады,
Жайықтың жағасында жазған жырым.

Жүрекпен тілесем де тілегімді,
Құлатпай жүрмін міне тірегімді.
Төлеген болып, іздел келген едім,
Тауып бер, қанеке, Қызы Жібегімді.

Айналмай сіріңкенің қорабына,
Түсемін мықтылардың додасына.
Жөн сілте, өмірдегі ғашықтарға,
Аңызда қалдың жұптың обалына.

Келген соң бала жастан ғашық болғым,
Үмітті үзе алмайды гүлдер солғын.
Бойымда ұлы іңкәрлік тулас жатыр,
Кеудемнен етерсе де аққу толқын.

Самрат Күсекенов

Темірлан-ай, бұл – біздің нәзіріміз,
Ақындықпен өлшенсе қадіріміз.
Мойның емес, басыңа шығып алдым,
Жарасымды болған соң әзіліміз.

Сыр ашылды шабыттым тулағанда,
Ой. Сөз. Мида алысып, шулағанда.
Шайқымазақ құрдасың болар едім,
Бір жыл бұрын, ертерек тумағанда.

ЖАЙЫҚТЫҢ ТОЛҚЫНЫМЕН ТУҒАН ӨЛЕҢ

Жазғаным, жыр сәулесін құған өлең,
 Айтқаным белді бекем буған өлең.
 Тарихтың толқынында сақталады,
 Жайықтың толқынымен тұған өлең.

Нұрыңды қүйдірғанда ақ жаңбырым,
 Халқыма аян болды ашқан сырым.
 Әдебиет парагында жазылады,
 Жайықтың жағасында жазған жырым.

Жүрекпен тілесем де тілегімді,
 Құлатпай жүрмін міне тірегімді.
 Төлеген болып, іздеп келген едім,
 Тауып бер, қанеке, Қыз Жібегімді.

Айналмай сіріңкенің қорабына,
 Түсемін мықтылардың додасына.
 Жөн сілте, өмірдегі ғашықтарға,
 Аңызда қалдың жұптың обалына.

Келген соң бала жастан ғашық болғым,
 Үмітті үзе алмайды гүлдер солғын.
 Бойымда ұлы іңкәрлік тулас жатыр,
 Кеудемнен етерсе де аққу толқын.

Самрат Құсекенов

Мінем де, махаббаттың кемесіне,
Ие болам иманның ақ некесіне.
Беташар айтқызамын үйленген соң,
Айтыстың Ринат деген Шегесіне.

Әкелер өз рұқсатын бермесе де,
Аналар зыр жүтіріп терлесе де.
Ақ бата алу міндеп сүйгендерге,
Кос жүрек қеуделерді кернесе де.

Қиялға аштым дағы есігімді,
Арманмен алмастырдым есімімді.
Бекежаның өлтірмей тұрганында,
Есім барда, табайын Есілімді.

ҰЙЫҚТА, ЕРКЕ ЕСІЛІМ

Қашанға тағдыр мені сорлатады?!

Қай күні басыма бақ орнатады?!

Сырымды сақтай алмай жая ма деп,

Толқының соққан сайын қорқатады.

Сондықтан керек маған ұйықтағаның,

Суықта мүэдзың астын ықтағаның.

Бұлқынып оянбашы көктемде де,

Үнайды өз арнаңнан шықпағаның.

Түсінсең, қабыргама мұң батады,

Ақтарсам, жүрек сырлы үн қатады.

Сол сырды ішке бүтіп сақтағаның,

Ағынды суыңда да мұз қатады.

Досым да әзілдеп сыр сақтамайды,

Қысыр сөз үмітімді ақтамайды.

Сырласым сен ғанасың Ерке Есіл,

Әйтпесе, ешкім мені жақтамайды.

Болмаймын ешқашан да жаһалатың,

Шықпайды еш уақытта жаман атым.

Бойыңда келіп талай мақтанамын,

Әзіме риә болса жамагатым.

Самрат Құсекенов

Өйткені, тек мұң шаққан жараспайды,
Ешкім де таланттыммен таласпайды.
Мінезім ауыр болып жараган соң,
Бүкіл ел ақылдасып, санаспайды.

Ұйықтасаң, сырлас болар шыбық, тал да,
Бірақ та сөйлейді гой бұтақтар да.
Өтірік ұйықтайсың ба өзің білші,
Әйтеуір, аузыңды жап үгып ал да.

Сыр ашпай, жігіт сенен сақтана ма?!

Құпиясын жасырмай қыз шаттана ма?!

Есілім, тынышымен үйықта, қане,
Ағам деп айтып қойма Астанага.

ҚАТЫНЖАНДЫ

Алыс болып барасың жақыныңа,
 Жағымсынып жүрген соң қатыныңа.
 Амал қанша, тіршілік етіп жүрсің,
 Мойынсұнып өмірдің ағынына.

Жасасаң да жақсылап ғасырыңды,
 Жүгіртіп қой қаныңмен тамырыңды.
 Қатын үшін қам жеме, әке-шешен
 Қайта тауып бермейді бауырыңды.

Жаны қалап өзіне бағынғанды,
 Қүйеуінің құлышқа салынғанды.
 Бұлай жасар қатында береке жоқ,
 Болма, досым ешқашан қатынжанды.

«Қатын бастар көш оңбас» ешқашанда,
 Айтып жүрер бұл сөзді ел қашанда.
 Әлсіздігің байқалып қап жүрмесін,
 Үйдің ханы болады ер қашанда.

Болғаныңмен көшениң атаманы,
 Саналсаң да бір елдің дара жаны.
 Түсіреді еркектің дәрежесін,
 Қатынына жалтақтап қарағаны.

Самрат Құсекенов

Бұл түріңмен таң болып атпайсың гой,
Патриоттың көліне батпайсың гой.
Жібермейді деп айтып, жұрт қиналса,
Қатыныңды құшақтап жатпайсың гой.

Маған мейлі бол, елдің Ҳақназары,
Қызықтырмас өзгенің бар азабы.
Бармағыңды тістелеп, ыза болма,
Шыққан кездे ініңнің жан азасы.

* * *

Өлеңдер құрылмайды өтініштен,
Мен емес бүйымтайдың өтін ішкен.
Ақынды теріс ойлап жүретін көп,
Түбінде сан согатын өкініштен.

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

*Бұл кітаптың жарық көрүіне
демеуші болған Екпін Әбиеев агамызға
өз алғысымды білдіремін!*

Автор



Самрат Құсекенов

МАЗМҰНЫ

АВТОР ТУРАЛЫ ЖҮРЕКЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР

Самрат бауырым. <i>Дәүләткерей Кәпүті</i>	4
Қолтаңба. <i>Рипат Зайитов</i>	4
Самрат інім. <i>Әлібек Сергатиев</i>	5
Жас ақын. <i>Саягүл Бірлесбек</i>	6

ТАРИХИ ПОЭМА

Жала мен жаза	8
Әділдіктің жоғалуы	10
Алтыншаштың батылдығы	18
Ұрпактың іздеу салуы	26
Түйін	34

ӨЛЕНДЕР

Жамбыл ауданы	42
Қазақстаным	46
Ұлтка деген ғизатым	48
Ак қайынмен сырласу	50
Ен кыстауым	52
Еркіндік туралы ой	54
Ай, саяси күғын-сүргін құрбандары	56
Тәнтімін сенің даана	58
Есіл ауданы	58
Ерейментау аруы	60
Қалалар ауыл болып өзгереді	62
Кристаллға іздеу салу	64
Ізтөлин ауылына барып қайтсан	66
Біз – Керейміз!	68

ЖАЛА МЕН ЖАЗА

Мен – Уактың жиенімін	70
Зенгібабаның аруағы разы болар	72
Малшының баласымын	73
Сіз боласыз, екінші әкем менің	75
Жалықтым	78
Уәж айтайын халқыма	80
Аялдамада жылап отырған қызды көріп келген ой	81
Әскерден келген жігіттің қасіреті жайында	83
Олимптың пайдасы жок, зияны бар	85
Оригинал ақынмын	86
Жетім	87
Атыраудың тарихынан шерткен сыр	94
Костанайдың вокзалында	97
Актөбе даласында	99
Токқожа шаһары	101
Қантай көшесі	103
Ұлы жеңіс	104
Елді бірлікке шакыру	106
Әке мен бала	107
Қасиетті Түркістаннан естелік	109
Жүрекпен өлең жазамын	111
Қызы жок ана	113
Отбасылық құндылықтар	115
Азаматтық неке	117
Жерлестерім	119
Темірлан	121
Жайыктың толқынымен туған өлең	123
Ұйықта, ерке Есілім	125
Катынжанды	127

Самрат ҚҰСКЕНОВ

ЖАЛА МЕН САЛМАЗА

Редакторы: Айниса Серіккызы

Көркемдеуші редактор: Жәмила Айдос

Техникалық редакторы: Ниязбай Оразымбет

Компьютерде бөттеген: Акжол Шоғанбай

ИБ 202

Теруге 02.11.2020 жылы жіберілді.

Басуға 18.11.2020 жылы көйылды.

Пішімі 75x90 $\frac{1}{32}$ Шартты баспа табағы 8.

Таралымы 500 дана.

Qalamger.kz баспасы

Нұр-Сұлтан қаласы, Манас көшесі 20/2

Байланыс номері: 8 775 392 90 91



Құсқенов Самрат Дулатұлы

Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылының тумасы.
Облыстық, Республикалық мүшэйралардың женімпазы.
Өлеңдері «Ауыл арайы», «Қызылжар нұры», «Солтүстік Қазақстан» газеттерінде, «Есіл-инфо.kz» сайтында жарияланған.
Жас ақынның бүған дейін «Інкәр журек» атты өлеңдер жинағы жарық көрген.